ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ

ABAI AIMAQ медиахолдингі

SEMEI tańy

№76 (19828) 25 қыркүйек, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Қазақстанда жаңа конституциялық консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесі құрылып, төрағасы сайланды. Халық Кеңесінің алғашқы сессиясы 23-24 қыркүйек күндері Астана қаласында өтті.

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халық Кеңесінің құрамын 22 қыркүйектегі №1474 Жарлығымен бекітті. Кеңес құрамына еліміздің әр өңірінен 126 азамат енді. Олардың қатарында қоғамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтарының өкілдері - этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері, сондай-ақ ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, кәсіпкерлік және басқа да салалардың өкілдері бар.

Жаңа құрылымның басты ерекшелігі – қоғамның түрлі топтарын бір алаңға жинап, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талқылауға мүмкіндік беруі. Яғни Қазақстан Халық Кеңесі азаматтардың ұсыныстары мен қоғамдық бастамаларын мемлекеттік саясатпен ұштастыратын жалпыұлттық диалог алаңы ретінде жұмыс істейді.

Кеңестің құқықтық негізі 2026 жылғы 5 маусымда қабылданған «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заңмен айқындалды. Заңға сәйкес, Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары конституциялық консультативтік орган. Оның міндеті – мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға консультативтік негізде қатысу, мемлекеттік басқару саласында азаматтардың мүддесін білдіруге жағдай жасау. Құжат 1 шілдеден бастап күшіне енді.

Қазақстан Халық Кеңесінің құрамы үш негізгі бағыт бойынша тең өкілдік қағидатымен қалыптастырылған. 42 орын этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ өзге де коммерциялық емес ұйымдардың өкілдеріне берілсе, тағы 42 орын мәслихаттарға, қалған 42 орын Астана, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың қоғамдық кеңестері өкілдеріне тиесілі. Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі – төрт жыл.

Жаңа Кеңес құрамына Абай облысынан төрт өкіл енді. Олар: Абай облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Шәкәрім университетінің басқарма төрағасы-ректоры Думан Рымғалиұлы Орынбеков, Абай облысы мәслихатының депутаты, Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхананың директоры Мерей Мейіртайұлы Қарт, қоғам қайраткері Нұртай Салихұлы Сабильянов және Семейдегі Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық музейінің директоры Ирина Анатольевна Соловьёва.

Өңір өкілдерінің құрамы да назар аударарлық. Мұнда жергілікті өкілді орган, қоғамдық сектор, жоғары білім мен ғылым, мәдениет және азаматтық қоғам бағыттары қамтылған. Бұл Абай облысының қоғамдық өмірінің әр саласындағы тәжірибені жаңа жалпыұлттық диалог алаңына шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясын шақыру туралы шешім Кеңес құрамы бекітілгеннен кейін қабылданды. 23 қыркүйекте Астанада өткен алғашқы отырыста Кеңес төрағасы болып Ерлан Қошанов сайланды.

Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы еліміздегі институционалдық жаңғырудың жаңа кезеңімен сабақтасып отыр. Бұған дейін қоғамдық диалогтың жекелеген бағыттары әртүрлі құрылымдар арқылы жүзеге асса, енді олардың басын қосатын жоғары консультативтік деңгейдегі бірыңғай алаң қалыптасты. Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақстан Халық Кеңесін этникалық, өңірлік, әлеуметтік және қоғамдық-саяси ерекшеліктерді бір арнаға тоғыстыратын конституциялық деңгейдегі диалог алаңы ретінде атаған болатын.

Жаңа институттың заңнамалық бастама көтеру құқығы да бар. Бұл оның қоғамдағы пікірді тек талқылап қана қоймай, нақты ұсыныстар әзірлеуіне мүмкіндік береді.

Ендігі жерде Кеңестің жұмысы оның құрамындағы азаматтардың саны немесе өкілдік ауқымымен ғана емес, қоғамдық пікірді нақты шешімдер мен ұсыныстарға қаншалықты айналдыра алатынымен өлшенбек. Әртүрлі өңір мен әлеуметтік топтың тәжірибесін бір арнаға тоғыстыру, қоғамды толғандырған мәселелерді ашық талқылау, ұсыныстар әзірлеу және қажет болған жағдайда заңнамалық бастамалар көтеру – жаңа құрылымның алдындағы негізгі міндеттердің бірі.

Халық Кеңесінің алғашқы сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныспен келісетінін айтып, көп кешікпей жаңа сайлау өткізілуі тиіс екендігін, дауыс беру күнін Орталық сайлау комиссиясы жақын арада жариялайтынын жеткізді.

Президенттің айтуынша, бұл мәселе Премьер-министрмен және Құрылтай басшылығымен бірлесіп қаралады. «Жақын арада Премьер-министрмен және Құрылтай төрағасымен мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде кеңес өткіземін. Соның қорытындысы бойынша тиісті Жарлыққа қол қоямын», – деді Мемлекет басшысы.

Баспаға әзірлеген Роза ПҰШПАҚОВА

ЖОБАДАН - ӨМІРГЕ

МАҢҒЫСТАУ МЕН АБАЙ ЕЛІ ДОСТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ БОЛМАҚ

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай жүзеге асырылып жатқан «Абайға құрмет» акциясы аясында Маңғыстау облысы Абай облысына Достық үйін тарту етпек. Нысан Семей қаласының жаңа әкімшілік-іскерлік орталығы аумағында бой көтереді. Қазіргі таңда құрылысы жүріп жатқан нысан 2028 жылы пайдалануға берілмек. Достық үйінің жалпы аумағы 8 170 шаршы метрді құрайды.



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА

ЖОЛ АПАТЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында аймақ басшысы Берік Уәли облыс аумағындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу туралы баяндады.



Қазіргі таңда облыстағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 10 044 шақырымды құрайды. Аймақта жол жүрісі қағидаларының бұзылуының алдын алуға бағытталған 2 865 бейнекамера бар.

Өңірде 180 мыңнан астам автокөлік құралы тіркелген. Олардың саны жыл сайын орта есеппен 5–7 мыңға артып келеді. Биыл жол-көлік оқиғаларының саны 33,1 пайызға төмендеді. 2025 жылдың сәйкес кезеңінде 637 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2026 жылдың еспті кезеңінде олардың саны 426-ға дейін азайды. Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер саны да 32,1 пайызға төмендеп, 985 адамнан 669 адамға дейін кеміді.

Қазіргі уақытта жол қозғалысын бақылаудың заманауи құралдары кеңінен қолданылуда. Атап айтқанда, 12 «EKIN Patrol», 5 «Сергек Patrol» мобильді кешені және 8 дрон пайдаланылуда. «Қорғау» жүйесі арқылы 19 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталды. Семей қаласында Оперативтік басқару орталығына қосылған 1931 «Сергек» бейнекамерасы жұмыс істейді. 2026 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша қалада жол-көлік оқиғаларының саны 34,3 пайызға төмендеді. Облыс орталығында жасанды интеллект негізіндегі «SUNGAR» автоматты тіркеу кешені орнатылып, қазіргі уақытта тестілік режимде пайдаланылып отыр.

Сонымен қатар, облыстың республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында 8 қақпаға орнатылған 16 «Зерек» бейнекамерасы жұмыс істейді. Облыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы мен аумағын ескере отырып, патрульдік полицияның штат санын 100-ге дейін ұлғайту мәселесі шешілді. Сондай-ақ, полиция департаментінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында облыс әкімдігі тарапынан жергілікті бюджет қаражаты есебінен 137 арнайы қызметтік көлік сатып алынып, берілді.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жалпы ұзындығы 447,5 шақырым болатын учаскелерде қайта жаңғырту және орташа жөндеу жүргізілуде. Облыстық және жергілікті жол желілері бойынша жалпы ұзындығы 222,6 шақырым автомобиль жолында орташа жөндеу жүргізіліп жатыр.

Бұдан бөлек 2 500-ден астам жол белгісі орнатылып, 4 812 шақырым жол таңбасы жаңартылды. Сондай-ақ, 13 шақырым жануарлардан қорғайтын қоршау, 10 бағдаршам нысаны, 25 учаскеде жасанды жол кедергілері, жаяу жүргіншілер қоршаулары мен дөңгелек тосқауылдар орнатылды.

«Жалпы, облыста жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Патрульдік бақылауды күшейту, жолдардың қауіпті учаскелерін инженерлік тұрғыдан жабдықтау және автоматты бақылау құралдарын одан әрі кеңейту бойынша жұмыс жалғасуда. Жол қозғалысы қауіпсіздігі мен автомобиль жолдарының сапасын арттыру мәселелері облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында», – деді Берік Уәли.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

БАЙҚАУ

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»: ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ


Абай облысында дәстүрлі «Еңбек жолы» конкурсының өңірлік кезеңі қорытындыланып, үздіктер марапатталды. Марапаттау шарасына облыс әкімі Берік Уәли қатысты. Салтанатты жиынға сондай-ақ байқауға қатысушылар, еңбек әулеттерінің өкілдері, түрлі сала мамандары мен жас қызметкерлер шақырылды.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semeı tańy»

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, биыл байқауға өңірдің әр саласында еңбек етіп жүрген азаматтардан 24 өтінім түскен. 21 сәуір мен 1 тамыз аралығында қабылданған өтінімдер «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» және «Өндірістің үздік жас маманы» номинациялары бойынша қаралып, конкурстық комиссияның шешімімен өңірлік жеңімпаздар анықталды.

Салтанатты жиында облыс әкімі Берік Уәли еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін көтерудің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, кәсібіне адал, өз ісін жетік меңгерген мамандарға, еңбек адамына құрмет көрсету, кәсіби шеберлік пен ұрпақтар сабақтастығын дәріптеуде байқаудың маңызы зор.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еңбек культін ілгерілету, қарапайым еңбек адамдарына құрмет білдіру, адал еңбектің қадірін арттыру басты міндет екенін ерекше атап өткені баршаңызға белгілі. Осы орайда, еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға және еңбек өнімділігін ынталандыруға бағытталған «Еңбек жолы» конкурсының маңызы ерекше. Бүгін еңбегімен елге үлгі болып жүрген азаматтарды құрметтеп, оларды салтанатты түрде марапаттау үшін жиналып отырмыз. Әр салада мамандыққа адалдықтың шынайы үлгісін көрсетіп қана қоймай, кәсіби біліктілігімен көзге түсіп, өз ісінің қыр-сырын жетік меңгерген ерен еңбектеріңіз бар құрметке лайық. Мұның барлығы – Абай облысының дамуына қосылған нақты үлес деп білеміз,– деді аймақ басшысы.



«Үздік еңбек әулеті» аталымында Аягөз қаласының тұрғындары - Байғозовтар әулеті жеңімпаз атанды. Бұл әулеттің бірнеше буыны темір жол саласында еңбек етіп келеді. Әулет мүшелерінің осы саладағы жалпы еңбек өтілі 262 жылдан асады.

Әулеттің үлкені Қажияхмет Байғозовтың өзі 35 жыл бұрын зейнетке шыққан. Әке жолын жалғаған ол алты баласының бесеуіне темір жол мамандығын таңдауға ықпал еткен екен. Бүгінде бұл отбасы еңбекке адалдық пен кәсіби сабақтастықтың жарқын үлгісіне айналып отыр.

- Менің зейнетке шыққаныма 35 жыл болды. Әкем теміржолшы еді. Әке жолын жалғап, мен де өмір бойы темір жол саласында еңбек еттім. Алты баламның бесеуі менің жолымды қуып, осы саланы таңдады. Жастарға айтарым – қандай мамандықты таңдасаңдар да, еңбектерің адал болсын. Адал еңбек қашанда абыройға жеткізеді, – деді Қажияхмет Байғозов.

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясында Курчатов қаласынан Альмира Айдарханова жеңімпаз атанды. Ол «ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМК «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалының мониторинг және экологиялық-талдамалық зерттеулер бөлімін басқарады. 200-ге жуық ғылыми жұмыс пен жарияланымның авторы және бірлескен авторы. Оның жетекшілігімен 7 магистрант магистрлік диссертация қорғап, 80-ге жуық ғылыми еңбек жариялаған.

Ал «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясын Семей қаласының тұрғыны Айбол Тыныштықов жеңіп алды. Ол еңбек жолын «Семей автоқұрастыру зауытында» трактор құрастыру желісінің слесарь-жинаушысы болып бастаған. Өндірісте жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің арқасында өткен жылдың ақпан айында техникалық бөлімге инженер-технолог қызметіне ауыстырылды.

Іс-шара барысында байқауға белсенді қатысқан еңбек әулеттеріне, тәлімгерлер мен жас мамандарға құрмет көрсетілді. Өңірлік кезеңде жеңімпаз атанған үш қатысушы республикалық деңгейдегі іріктеу кезеңіне қатысады.



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстар қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережим арқылы қосылды.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semeı tańy»





Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков баяндады.

Басқарма басшысының айтуынша, Абай облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына тұрақты мониторинг жүргізіліп, бағаны тұрақтандырудың мемлекеттік тетіктері іске асырылып келеді. 16 қыркүйектегі жағдай бойынша облыстағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі 99,8 пайызды құрады. Жыл басынан бергі көрсеткіш 102,2 пайыз деңгейінде қалыптасты. Бірқатар негізгі өнімдердің бағасы төмендеген: пияз 9 пайызға, сәбіз 10 пайызға, картоп 8,7 пайызға, алма 3,2 пайызға арзандаған.

Бағаны ұстап тұру үшін сауда желілерімен үш жақты меморандумдар жасалып, әлеуметтік маңызы бар тауарларға сауда үстемақысын 10 пайызға дейін сақтау және отандық өнім үлесін арттыру бойынша міндеттемелер белгіленді.

Сондай-ақ «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы азық-түлік қорларын алдын ала қалыптастыру жұмысын жүргізуде. Қазіргі уақытта өңірде маусымаралық кезеңге арналған 2,4 мың тоннадан астам картоп, 699 тонна сәбіз, 584 тонна қырыққабат және 454 тонна пияз қоры бар.

Сонымен қатар халықты қолжетімді бағамен нан және жұмыртқамен қамтамасыз ету бойынша келісімдер жасалған. Халыққа қолжетімді бағадағы өнімдерді ұсыну мақсатында ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері тұрақты ұйымдастырылуда. 19 қыркүйекте өткен «Дала дәмі» акциясы аясындағы жәрмеңкеде тұрғындарға нарықтық бағадан төмен бағада 5 тонна жуық азық-түлік өнімі сатылған.

Бүгінде «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына қарасты 16 әлеуметтік павильон бар. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және тұрғындарды қолжетімді өнімдермен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда.

Аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне және жауапты басқармаларға азық-түлік бағасын тұрақтандыру және тұрғындарды қолжетімді өнімдермен қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

- Бұл бағыттағы жұмысты тек мониторингпен шектемеуіміз қажет. Әсіресе баға өсімі байқалған тауарлар бойынша нақты себептерді анықтап, делдалдық тізбекті қысқарту, тауар қорларын уақтылы толықтыру және халыққа қолжетімді бағаны қамтамасыз ету мәселелері тұрақты бақылауда болуы тиіс. Сондай-ақ, әлеуметтік павильондардың тиімді жұмысын қамтамасыз етуге және пайдаланылмай тұрған сауда нүктелерін қайта іске қосуға ерекше назар аудару қажет. Басты міндет – бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, маусымаралық кезеңде азық-түлік қорын жеткілікті деңгейде қалыптастыру және халыққа қолжетімді бағаны қамтамасыз ету, – деді Берік Уәли.

БАСТЫ ТАЛАП – ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте өңірдегі құрылыс нысандарының жай-күйі талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Медет Тәтенов баяндады.

Бек БОЛАТ,
«Semeı tańy»



Өңірде құрылыс жұмыстарының көлемі артып келеді. Дегенмен нысандарды белгіленген мерзімде аяқтап, сапалы пайдалануға беру мәселесі негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда облыста құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Қаңтар-тамыз айларына белгіленген 174 млрд теңгелік жоспар артығымен орындалып, сегіз айдың қорытындысында құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 195 млрд теңгені құрады.

Бүгінде облыстық құрылыс басқармасы тарапынан бюджет қаражаты есебінен 24 әлеуметтік нысанда құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, «Абайға құрмет» акциясы аясында бірқатар спорт және мәдениет нысандары салынып жатыр.

Аймақ басшысы жиында құрылысы басталған әрбір нысанның жағдайына жеке-жеке талдау жасап, құрылыс деңгейі төмен нысандар бойынша жұмысты жандандыруды, ал дайындық деңгейі жоғары объектілерді қысқа мерзімде аяқтап, пайдалануға беру бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

- Құрылыс саласы – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша жалпы көрсеткіштің оң динамикасына қарамастан, жекелеген әлеуметтік нысандардың құрылысының баяулауы алаңдатады. Әсіресе, құрылыс деңгейі төмен объектілер бойынша нақты шешім қабылдауымыз қажет. Екіншіден, дайындық деңгейі жоғары нысандарды созбалаңға салмай, белгіленген тәртіппен пайдалануға беру қажет. Үшіншіден, тұрғын үй құрылысы бойынша жоспарланған көрсеткіштерді қамтамасыз ету керек. Қарағайлы ықшам ауданындағы тұрғын үйлердің белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі және оларды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауда болсын. Төртіншіден, құрылыстың сапасына ерекше назар аудару қажет. Ең бастысы – нысандарды сапалы аяқтап, халыққа уақтылы пайдалануға беру, – деді Берік Уәли.

Кеңесте тұрғын үй құрылысының барысы да қаралды. Биыл облыста 348,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Сегіз айда 147,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Семей қаласындағы Қарағайлы ықшам ауданында да тұрғын үй құрылысы қарқынды жүруде. 2024 жылдан бері мұнда жалпы аумағы 67,9 мың шаршы метрді құрайтын 13 үй салынуда. Жаңа үйлерде барлығы 712 пәтер қарастырылған.

Үш тұрғын үйде құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, қабылдау рәсімдері жүргізілуде. Қалған нысандардың дайындығы 90–95 пайызға жеткен. Оларды қыркүйек пен қараша аралығында кезең-кезеңімен пайдалануға беру жоспарланып отыр. Тұрғын үйлермен қатар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту жұмыстары да жүргізілуде.

Сондай-ақ биыл Қарағайлы ықшам ауданында жалпы аумағы 25 мың шаршы метрден асатын 342 пәтерлік төрт несиелік тұрғын үйдің құрылысы басталды.

Кеңес қорытындысында облыс әкімі аудан және қала әкімдеріне құрылыс-монтаж жұмыстары мен тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша тоғыз айлық және жылдық жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

Аймақ басшысы Берік Уәли Семей медицина университетінде жергілікті бюджет есебінен бөлінген білім беру грантының иегерлерімен кездесті.

ӘКІМ ГРАНТЫ: СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Соңғы екі жылда жергілікті атқарушы органдар тарапынан өңір жастары үшін 400 білім гранты бөлінді. Бұл гранттар жастардың жоғары білімі алуына және еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие мамандықтарды тегін меңгеруіне тамаша мүмкіндік беріп отыр. Бүгінгі таңда осы грантпен білім алып жатқан студенттің қатарында Семей қаласының ғана емес, еліміздің басқа да жетекші жоғары оқу орындарында оқып жатқан дарынды жастарымыз бар.

Биыл облыс әкімдігі жоғары оқу орнында білім алуға ең қажетті, сұранысқа ие 32 мамандық бойынша 200 грант қарастырды. Бұл гранттар педагогика, экономика, техника, құрылыс, медицина, ауыл шаруашылығы және IT саласы мамандарын даярлауға бағытталып отыр. Биылғы жылдың басты ерекшеліктерінің бірі – алғаш рет 25 грант республика аумағындағы тиісті білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарына бөлінуі. Атап айтқанда, «Арнайы педагогика», «Режиссура» және «Арт-менеджмент», «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Дінтану» және «Теология» мамандықтарына да грант қарастырылып, жаңа кадрларды даярлауға жол ашылды.

Ерекше атап өтерлігі, республика бойынша біздің облыс 200 грантпен алдыңғы бесінші орынға шықты.

Облыс әкімі грант иегерлерін құттықтап, жастардың алған білімін туған елдің дамуына арнауы қажеттігін атап өтті.

- Екінші жыл қатарынан өтіп келе жатқан бұл кездесу игі дәстүрге айналды деуге болады. Бұл – ең алдымен, сіздердің табандылықтарыңыз бен арман-мақсаттарыңыздың әділ бағалануы. Сондықтан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін. Біз кеше кім болғанымызды ұмытпаймыз. Төл тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қолымызда екенін жақсы түсінеміз», – деген еді. Бұл білімге құштарлық пен ғылымға ұмтылудың тек сіздердің жеке өмірлеріңіз үшін ғана емес, ел болашағы, мемлекет дамуы үшін де аса маңызды екенін білдіреді. Сондай-ақ, былтыр құжат тапсырған мектеп түлектерінің саны 500-ден асса, биылғы құжат тапсырған түлектер саны 643 болып отыр. Бұл білімге құштар жастар саны артумен қатар, өңір жастары жергілікті биліктің қамқорлығын сезіне бастағанын білдірсе керек. Алайда біз оқу үлгерімі жақсы, баллдары жоғары, пәндік олимпиадалар мен спорт жарыстарының жүлдегерлері болған, сонымен қатар аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың, ауыл мектептерінің түлектеріне басымдық бере отырып, қажет мамандықтарға гранттар бөлдік. Абай облысының болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Бүгінгі жеңіс – үлкен жолдың бастауы. Алдағы уақытта елге адал қызмет етіп, өңіріміздің дамуына үлес қосасыздар деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЕМЕЙ

СЕМЕЙДІҢ БАС ЖОСПАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ



Семей қаласының Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы әзірленіп жатыр Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі «Град Проект KZ» ЖШС-мен бірлесіп, «Абай облысы Семей қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасын әзірлеуде.

Қала әкімдігінің хабарлауынша, өзгерістер ірі инвестициялық жобаларды, соның ішінде жаңа «Smart City» әкімшілік-іскерлік орталығын іске асыру қажеттілігіне байланысты енгізіледі. Қала тұрғындары жоба Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында немесе Абай көшесі, 97 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында таныса алады. Жобаның демонстрациялық материалдары 2026 жылғы 28 қыркүйек пен 6 қазан аралығында әкімдік ғимаратының бірінші қабатында орналастырылады.

Жобаға қатысты уәжді ескертулер мен ұсыныстарды arhitektura_402@mail.ru және gradproektkz1@gmail.com электрондық пошталарына жолдауға, 8 (7222) 36-09-86 телефоны арқылы айтуға немесе әкімдікке жазбаша түрде тапсыруға болады.

Қорытынды қоғамдық талқылау 6 қазанда өтеді. Талқылаудың нақты уақыты мен орны туралы ақпаратты қала әкімдігінен нақтылаған жөн.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Семей қаласында Еңбек мобильділігі орталығы мен «Абай жастары» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Мансап Fest» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Арбат алаңында ұйымдастырылған шараға 30-ға жуық жұмыс беруші қатысып, қала тұрғындары мен жастарға түрлі саладағы бос жұмыс орындарын ұсынды.

ЖҰМЫС ІЗДЕГЕНГЕ МҮМКІНДІК КӨП

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semeı tańy»

Жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыс іздеп жүрген азаматтарға нақты жұмыс орындарын ұсыну, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беру және еңбек нарығындағы қолжетімді мүмкіндіктер туралы ақпараттандыру.

Іс-шара барысында жұмыс іздеушілер кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерімен тікелей сөйлесіп, бос жұмыс орындарының талаптары мен еңбек жағдайлары жөнінде ақпарат алды. Сондай-ақ мамандар азаматтарға жұмысқа орналасу жолдары бойынша кеңес берді. Әсіресе еңбек нарығына алғаш қадам басқан жастар үшін өз мамандығына сәйкес жұмыс табу, кәсіби бағыт-бағдарын айқындау аса маңызды.

Жәрмеңкеде Enbek.kz электрондық еңбек биржасының мүмкіндіктері де таныстырылды. Атап айтқанда, азаматтарға электрондық платформа арқылы бос жұмыс орындарын іздеу, түйіндеме орналастыру және жұмыс берушілердің ұсыныстарымен танысу тәртібі түсіндірілді.

Жалпы, Абай облысында тұрғындарды жұмыспен қамту, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасында тікелей байланыс орнатуға бағытталған шаралар жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері өңірде 112 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкелерге 623 жұмыс беруші қатысып, 288 адам жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар 170 адам қоғамдық жұмыстарға, 23 адам кәсіптік оқуға, 18 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген. 55 азамат «Жастар практикасы», 25 адам «Күміс жас» жобасы бойынша жолданды. Бұдан бөлек, 3 201 адамға консультациялық қызмет көрсетілді.

Ал Семей қаласының өзінде жыл басынан бері 24 жәрмеңке өткізіліп, оған 34 жұмыс беруші мен 2 102 жұмыс іздеуші қатысқан. Нәтижесінде 80 адам жұмысқа орналасып, 85 адам қоғамдық жұмыстарға, 20 адам кәсіптік оқуға, 6 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. 36 азамат «Жастар практикасы», 20 адам «Күміс жас» жобасы аясында жолдама алды. Жалпы 1 855 адамға консультациялық қызмет көрсетілді.



Бұл көрсеткіштер - халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралардың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанының дәлелі. Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері арқылы тұрғындарға еңбек нарығындағы нақты ұсыныстар таныстырылып, жұмысқа орналасуға қолдау көрсетіледі.

Өңірде халықты тұрақты жұмыспен қамту және азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Биыл Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 13 324 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жыл басынан бері 14 мыңға жуық азамат жұмысқа орналастырылды. Әлеуметтік осал санаттағы 97 азаматқа жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін 1 млн 730 мың теңгеден қайтарымсыз грант берілді. Еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес 234 азамат кәсіптік оқуға жолданып, оның 145-і оқуын аяқтап, жұмысқа орналасты.

АҚСУАТ



Амангелді ҚЫДЫРМОЛДИН:

БІЛІМ САПАСЫ – ЕСЕПТЕГІ КӨРСЕТКІШ ЕМЕС, БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

2026–2027 оқу жылынан бастап еліміздің білім беру жүйесінде жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты кезең-кезеңімен енгізіле бастады. Жаңа талаптар Ақсуат ауданының білім беру ұйымдарында қалай жүзеге асырылады? Білім сапасы, тәрбие, қауіпсіздік, инклюзивті орта және жасанды интеллектіні қолдану бағытында қандай жұмыстар атқарылуда? Осы және өзге де өзекті мәселелер жөнінде Абай облысы Ақсуат аудандық білім бөлімінің басшысы Амангелді Шаймұратұлы ҚЫДЫРМОЛДИНМЕН сұхбаттасқан едік.

- Амангелді Шаймұратұлы, 2026-2027 оқу жылы отандық білім беру жүйесі үшін қандай өзгерістерімен ерекшеленеді?

- Жаңа оқу жылының басты ерекшелігі - жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының кезең-кезеңімен енгізілуі. Бұл жекелеген пәндердің мазмұнын ғана өзгерту емес, жалпы білім беру философиясын жаңғыртатын ауқымды қадам. Жаңартылған стандарттың негізгі арқауы – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, құндылықтарға негізделген тәрбие беру, инклюзивті білім беру ортасын дамыту және XXI ғасырдың негізгі құзыреттерін қалыптастыру. Қазіргі оқушы алған білімін жаттап қана қоймай, оны өмірде қолдана білуі керек. Сонымен қатар ақпаратты саралап, сыни тұрғыдан ойлай алуы, өз ойын анық жеткізуі және жаңа жағдайларға бейімделе білуі қажет.

Мұғалім енді білімді дайын күйінде ұсынушы емес, баланың ізденуіне, ойлануына және өз бетінше шешім қабылдауына бағыт беретін тұлға болуы тиіс.

- Жаңа Конституциядағы қағидаттардың білім беру саласына ықпалы қандай болады?

- Жаңа Конституция білім мен тәрбиенің мемлекеттік маңызын жаңа деңгейге көтерді. Бұл - өте маңызды өзгеріс. Өйткені мемлекеттің болашағы адами капиталдың сапасына, ал адами капиталдың сапасы білім мен тәрбиеге байланысты. Конституцияда бекітілген білім, еңбек, тең мүмкіндік, адам құқығы және азаматтық жауапкершілік қағидаттары жаңа білім беру мазмұнынан көрініс табады. Біздің міндетіміз – баланың бойына осы құндылықтарды мектеп қабырғасынан бастап сіңіру.

2026–2027 оқу жылына арналған жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты да Конституцияның жаңа қағидаттарына сәйкестендірілді. Мектеп оқушыға тек пәндік білім беретін мекеме болып қалмауы керек. Ол – елін сүйетін, заңды құрметтейтін, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінетін адал азаматты қалыптастыратын орта болуы тиіс.

- Білім мен тәрбиенің негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланатыны белгілі. Ақсуат ауданында бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Иә, баланың тұлғалық дамуының, танымдық қабілетінің және мінез-құлық мәдениетінің негізі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Ауданда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін әдістемелік жағынан жетілдіруге ерекше көңіл бөлініп келеді. Педагогтер үшін семинарлар, шеберлік сыныптары, біліктілікті арттыру курстары өткізіліп, озық тәжірибелер таратылуда. Өткен оқу жылында балабақша әкімшіліктері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету, жаңа талаптарды енгізу, балалармен және ата-аналармен жұмысты жетілдіру бағыттары қамтылды.

Қазіргі уақытта аудандағы бес мемлекеттік балабақшадағы 19 топта 435 бала тәрбиеленуде. Төрт жекеменшік балабақшаның 13 тобында 295 бала бар. Сонымен бірге мектептер жанында 13 шағын орталық жұмыс істейді. Олардағы 24 топқа 400 бала қамтылған. Аудан бойынша алты жасқа дейінгі балалардың 47,4 пайызы мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылып отыр. Ал үш жастан алты жасқа дейінгі балалар толық қамтылып отыр. Бұл – жақсы нәтиже. Дегенмен осы көрсеткішпен шектеліп қалмауымыз керек. Алдағы міндет – кіші жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды одан әрі арттыру, балабақшалардағы тәрбиенің сапасын көтеру және әр бала үшін қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыру.

- Мектеп пен ата-ананың жауапкершілігі қалай ажыратылады? «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аудан мектептерінде қалай жүзеге асырылады?

- Жаңа талаптарға сәйкес, мектеп пен мұғалімнің жауапкершілігі оқу-тәрбие үдерісі аясында айқындалады. Ал сабақтан тыс уақытта баланың қауіпсіздігіне, тәртібіне және бос уақытын ұйымдастыруға ата-ана жауап береді. Жаңа Конституция нормасында балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру ата-ананың етене құқығы әрі міндеті ретінде бекітілді. Яғни бала тәрбиесін тек мектеп пен мұғалімге жүктеп қоюға болмайды.

Кейбір ата-аналарда баланың мінез-құлқындағы барлық мәселені мектеп шешуі керек деген түсінік бар. Алайда бала тәуліктің белгілі бір бөлігін ғана мектепте өткізеді. Оның өмірлік ұстанымына отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың үлгісі, күн тәртібі және қоршаған ортасы тікелей әсер етеді. Сондықтан мектеп пен ата-ана бірін-бірін кінәлайтын тараптар емес, баланың мүддесі үшін бірлесе әрекет ететін серіктестер болуы керек.

Ауданда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүйелі жүзеге асырылуда. Бағдарламаның мақсаты – еңбеккөр, отаншыл, жауапкершілігі жоғары, заңды құрметтейтін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат тәрбиелеу. Бағдарлама аясында «Толық адам» ілімі негізінде ата-аналар институтын қалыптастыру», «Бірлік және ынтымақ», «Өнеге. Тәлім. Тәрбие», «10 кітап – бір мақсат», «Қыздар тәрбиесі: дәстүр және заманауи үдерістер» және басқа да тәрбиелік бағыттар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Абайдың «Толық адам» ілімі – тәрбие жұмысында маңызын жоғалтпайтын рухани негіз. Баланың бойында ыстық қайрат, нұрлы ақыл және жылы жүрек үйлесім табуы керек. Тек білімді болу жеткіліксіз. Білім адамгершілікпен және жауапкершілікпен ұштасқанда ғана қоғамға пайда әкеледі. Тәрбие жұмысының нәтижесі есеп үшін өткізілетін іс-шаралардың санына емес, баланың мінез-құлқындағы оң өзгерістерге негізделуі тиіс.

- «Заң және тәртіп» қағидаты бойынша қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру аясында ауданда «Ұрпақ жүрегіне жол» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба қоғамдық, құқықтық және мемлекеттік ұйымдардың өзара тиімді іс-қимылына негізделген. Оның аясында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды нығайту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қамтылады. Ауданның он алаңында 500-ге жуық білім саласының қызметкері дәрістер мен түсіндіру жұмыстарына қатысты. Бұл білім қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын көтеруге және бала қауіпсіздігіне қатысты ортақ іс-қимыл алгоритмін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Заңды құрметтеу жазадан қорқудан емес, оның қоғамдық маңызын түсінуден басталуы керек. Біз балаларға тек өз құқықтарын емес, міндеттері мен жауапкершілігін де түсіндіруге тиіспіз.

- Жаңа оқу жылында білім беру бағдарламасына қандай міндетті курстар енгізілді?

- Жаңартылған білім мазмұнына Конституция қағидаттары, «Адал азамат», «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» құндылықтары енгізіледі. 5-7 сыныптарда «Конституция негіздері», 8-11 сыныптарда «Заң және тәртіп» бағытындағы мазмұн, сондай-ақ «Жеке қауіпсіздік» курстары жүргізіледі.

Бұл курстардың мақсаты – оқушыға заң баптарын жаттату емес. Бала өзінің құқықтары мен міндеттерін, қоғамдық тәртіптің маңызын, мемлекеттік рәміздердің мәнін, мемлекеттік тілге құрметті және жеке қауіпсіздік ережелерін түсінуі керек. Сонымен бірге цифрлық ортадағы қауіпсіздікке ерекше назар аударамыз. Оқушы жеке деректерін қорғау, жалған ақпаратты ажырату, кибербуллингтен сақтану және жасанды интеллект құралдарын жауапты пайдалану қағидаларын білуге тиіс.

- Инклюзивті білім берудің ауданда-ғы жағдайы қандай?

- Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сәйкес, мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар басқалармен тең дәрежеде білім алуға құқылы. Білім беру ұйымдары қажетті арнайы жағдай жасап, оқу бағдарламалары мен әдістерін бейімдеп, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге міндетті. Қазіргі уақытта ауданда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 53 бала тіркелген. Инклюзия – баланың мектеп өміріне толық қатысуы. Ерекше балланың сабақта өз қатарластарымен бірге білім алып, мектептегі іс-шараларға араласып, өзін ұжымның тең мүшесі ретінде сезінуіне ұстаздар қауымының ықпал ете білуі маңызды.

- Оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қандай шаралар қолға алынуда?

- Психологиялық қауіпсіздік – білім сапасы мен баланың әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі. Бала мектепте өзін қауіпсіз сезінбесе, оның сабаққа деген ынтасы да, үлгерімі де төмендейді. 2025–2026 оқу жылында психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай жүйесі күшейтіліп, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Алдымызда мектептерді психолог мамандармен қамтамасыз етуді арттыру, тәуекел тобындағы балаларды ерте анықтау, ведомствоаралық байланысты жетілдіру және сапалы психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру міндеттері тұр.

Психологтің жұмысы тек мәселе туындағаннан кейін басталмауы керек. Оның негізгі міндеттерінің бірі – алдын алу. Мұғалім мен ата-ана да баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге бейжай қарамауы қажет. Бала тұйықталып қалса, сабаққа барғысы келмесе, үлгерімі күрт төмендесе немесе агрессиялық мінез байқалса, оны жай ғана тәртіпсіздік деп бағаламай, себебін анықтау керек.

- Мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуы туралы айтып берсеңіз...

- Биыл ауданның жеті мектебіне тоғыз жоба бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге 62 миллион 650 мың теңге бөлінді. Қазіргі уақытта бес жоба бойынша жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Қалған жобалардың орындалуы да бақылауда. Жөндеу жұмыстарының сапасы, белгіленген мерзімнің сақталуы және бөлінген қаражаттың тиімді игерілуі басты назарда болады.

Материалдық-техникалық база дегеніміз тек ғимаратты жөндеу емес. Оған кабинеттердің жабдықталуы, жылыту және жарықтандыру жүйелері, санитарлық жағдай, спорт залдары, асханалар, қауіпсіздік жүйелері және цифрлық инфрақұрылым да кіреді.

Балаға сапалы білім беру үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қажет. Сондықтан мектептердің жағдайы кезең-кезеңімен зерделеніп, ең өзекті мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

- Аудан мектептерінің интернетпен қамтылу деңгейі қандай?

- Аудан мектептерінің 100 пайызы интернетпен қамтамасыз етілген. Шалғай орналасқан тоғыз мектеп Starlink спутниктік интернет жүйесіне қосылды. Интернеттің тұрақты болуы мұғалімдердің цифрлық ресурстарды пайдалануына, оқушылардың қосымша білім алуына, онлайн сабақтар мен кәсіби курстарға қатысуына жағдай жасайды. Бірақ мектепке интернет жеткізумен мәселе толық шешілмейді. Оның жылдамдығы, тұрақтылығы, қауіпсіздігі және оқу мақсатында тиімді пайдаланылуы да маңызды. Цифрлық теңсіздікті азайту арқылы ауылдағы әр балаға сапалы білім ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуіміз қажет.

- Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу қалай жүзеге асырылады?



- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Жасанды интеллект – заман талабы. Оны білім беру жүйесіне тиімді енгізіп, азаматтардың цифрлық дағдыларын дамыту қажет». Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, Қазақстанда орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің 2026–2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленді. Жаңа оқу жылынан бастап жасанды интеллект элементтері білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізіле бастайды. Бүгіннің өзінде оқушылар жасанды интеллект құралдарын күнделікті өмірде қолданып жүр. Біздің міндетіміз – баланы жасанды интеллектіні қолдануға ғана емес, оның қалай жұмыс істейтінін түсінуге, ұсынған ақпаратын сын тұрғысынан бағалауға, деректердің дұрыстығын тексеруге және қауіпсіз әрі жауапты пайдалануға үйрету. Жасанды интеллект оқушының орнына ойлайтын құралға айналмауы керек. Ол ізденуге, ақпаратты жүйелеуге, идеяны дамытуға және білімді тереңдетуге көмектесетін көмекші болуы қажет.

- Мұғалімдер жасанды интеллектіні пайдалануға дайын ба?

- Аудандағы 703 педагог жасанды интеллект бағыты бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Бұл аудан педагогтерінің басым бөлігі жаңа технологияны меңгеруге бет бұрғанын көрсетеді. Дегенмен мұғалім бір курстан өтіп, жасанды интеллектіні толық меңгеріп кетті дей алмаймыз. Мұғалім жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін ғана емес, оның ықтимал тәуекелдерін де білуі керек. Мәселен, жасанды интеллект қате немесе жалған ақпарат ұсынуы мүмкін. Авторлық құқықты сақтау, академиялық адалдық және жеке деректерді қорғау мәселелері де бар. Оның жауабын дайын әрі өзгермейтін ақиқат ретінде қабылдауға болмайды. Сондықтан бұл бағыт үздіксіз кәсіби дамуды қажет етеді.

Педагогтер жасанды интеллектіні сабақ жоспарын әзірлеуде, тапсырмаларды оқушының деңгейіне қарай саралауда, қосымша материал дайындауда, жеке қолдау көрсетуде және кері байланыс орнатуда тиімді қолдана алуы қажет. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды. Өйткені баланың жан дүниесін түсіну, оны жігерлендіру, тәрбиелеу және бойындағы қабілетін байқау ұстаздың адамгершілік және кәсіби шеберлігіне байланысты. Технология мұғалімнің көмекшісі болғанымен, қорытынды шешім мен кәсіби жауапкершілік әрдайым педагогтің өзінде қалуға тиіс.

- Педагогтердің сапалық құрамы қандай деңгейде?

- Бүгінде ауданның білім беру ұйымдарында 758 педагог еңбек етеді. Мұғалімдердің сапалық құрамы 69 пайызға жетті. Педагогтің кәсіби мәртебесін нығайту – білім сапасын арттырудың маңызды негізі. Өйткені кез келген реформаның нәтижесі оны жүзеге асыратын мұғалімнің біліміне, шеберлігіне және жауапкершілігіне байланысты. Жаңа Конституцияда білім беру мен тәрбиенің мемлекеттік маңызы күшейтілді. Бұл педагогтің қоғамдағы орны мен жауапкершілігін де жаңа деңгейге көтереді.

Алдағы оқу жылында педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру, аттестаттаудың жаңа жүйесін іске асыру, кадр тапшылығын азайту және жас мамандарды қолдау бағытындағы жұмыстар жалғасады. Мұғалім тек есеп пен құжаттың арасында қалмауы керек. Оның негізгі уақыты балаға білім мен тәрбие беруге, сабаққа сапалы дайындалуға және кәсіби дамуға арналуы қажет.

Педагогтің беделі алған марапаты мен біліктілік санатына қарай бағаланбайды. Ұстаздың абыройы ең алдымен шәкіртінің жетістігінен, ата-ананың сенімінен және қоғамның құрметінен көрінеді.

- Аудан педагогтерінің халықаралық деңгейдегі тәжірибесі жөнінде айтып өтсеңіз...

- Былтырғы жылдың қараша айында Жапонияның Хиросима қаласында өткен WALS – Дүниежүзілік Lesson Study қауымдастығының халықаралық конференциясына Абай облысы атынан Қожагелді батыр атындағы орта мектептің мұғалімдері - Нұргүл Оспанова, Амангүл Сұлтанбекова және Әйгерім Алдажарова қатысып қайтты. Бұл конференцияға әлемнің 40-тан астам елінен жетекші ғалымдар, профессорлар, PhD докторлары және тәжірибелі сарапшылар қатысты. Біздің ұстаздарымыздың сабақты зерттеуге арналған жобалары көпсатылы іріктеуден өтіп, сарапшылар тарапынан рецензияланып, конференцияның негізгі бағдарламасына ресми түрде енгізілді.

Бұл – бір мектептің немесе бір ауданның ғана емес, бүкіл облысымыздың абыройын асқақтатқан жетістік. Ауыл мектебі мұғалімдерінің зерттеу жұмысының әлемдік кәсіби алаңда таныстырылуы – үлкен еңбектің нәтижесі. Ендігі міндет – ұстаздардың конференциядан алған тәжірибесін аудан мектептеріне таратып, Lesson Study тәсілін мұғалімдердің кәсіби дамуы мен сабақ сапасын жақсартудың тиімді тетігіне айналдыру.

Жаңашыл әдіс-тәсілдер бір мектептің немесе бір мұғалімнің аясында қалып қоймауы керек. Ол әріптестер арасында талқыланып, зерттеліп, аудан көлемінде ортақ әдістемелік игілікке айналуы қажет.

- Аудандық білім бөлімінің жетістіктері қандай?

- Абай облысының білім басқармасы жыл қорытындысы бойынша білім беру саласындағы үздік жұмыстарды бағалап, Ақсуат аудандық білім бөлімін «Үздік әдістемелік кабинет», «Үздік сайт» және «Үздік әдіскер» аталымдарымен марапаттады.

Бұл марапаттар ұстаздарымыздың кәсіби ізденісі мен тынымсыз еңбегіне берілген жоғары баға деп есептейміз. Әдістемелік кабинет педагогтерге нақты көмек көрсететін, жаңа тәжірибені таратып, мұғалімнің кәсіби дамуына бағыт беретін орталық болуы керек. Біздің мамандар осы міндетті жауапкершілікпен атқарып келеді.

«Үздік сайт» номинациясы да ашықтық пен ақпараттың қолжетімділігіне берілген баға деп білеміз. Қоғам білім саласындағы жаңалықтарды, қабылданған шешімдерді және атқарылған жұмыстарды уақтылы біліп отыруы қажет. Ал «Үздік әдіскер» номинациясы – бір маманның ғана емес, жалпы ұжымдық ізденістің нәтижесі. Әдіскер мұғалім мен білім саласындағы жаңашылдықтың арасын байланыстыратын негізгі буын болуы тиіс.

Әрине, марапат бізді тоқмейілсуге емес, жұмысымызды одан әрі жетілдіруге міндеттейді.

- Білім саласындағы жаңа оқу жылына арналған басымдықтарға тоқтала кетсеңіз...

- Бірінші басымдық – педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру. Аттестаттаудың жаңа жүйесін сапалы іске асырып, педагог кадрлар тапшылығы мәселесін кезең-кезеңімен шешуіміз қажет. Екінші басымдық – білім сапасын көтеру. Мұнда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану, білім нәтижелерін объективті бағалау және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту маңызды. Үшінші басымдық – балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты. Тәуекел тобындағы балаларды ерте анықтап, оларға жеке қолдау көрсету, психологиялық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру қажет. Төртінші басымдық – тең мүмкіндік. Әрбір баланың тұрғылықты жеріне, отбасының әлеуметтік жағдайына немесе денсаулық ерекшелігіне қарамастан, сапалы білім алуға мүмкіндігі болуы тиіс. Оқушылардың олимпиадалық, ғылыми, спорттық және шығармашылық әлеуетін дамыту да осы бағытқа кіреді. Бесінші басымдық – тәрбие жұмысы. «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттары негізінде оқушылардың бойында азаматтық жауапкершілік, заңға, мемлекеттік рәміздер мен тілге құрмет, еңбеккорлық пен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруымыз қажет.

Сонымен бірге балаларға цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз әрі жауапты пайдалануды үйретуге басымдық беріледі. Бұл міндеттердің бәрі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Білімді тәрбиеден, қауіпсіздікті психологиялық қолдаудан, цифрландыруды мұғалімнің кәсіби даярлығынан бөліп қарастыруға болмайды.

- Білім сапасын көтеруге кедергі келтіретін қандай мәселелер бар?

- Білім беру саласында, жетістіктермен қатар, шешімін күткен мәселелер де бар. Соның бірі – білім нәтижелерін бағалауға қатысты. Мектепішілік баға мен сыртқы бағалау қорытындысының арасында үлкен айырмашылық болмауы керек. Мұғалім оқушыға жоғары баға қою арқылы көмектесемін деп ойлауы мүмкін. Бірақ шынайы білім деңгейін көрсетпейтін баға, түптің түбінде, балаға зиян келтіреді. Екінші мәселе – оқушылардың кітап оқу дағдыларының әлсіреуі. Ақпаратты көбіне қысқа бейнелер арқылы қабылдауға үйренген бала көлемді мәтінді түсініп оқу, талдау және қорытынды жасау кезінде қиналады. Сондықтан оқу сауаттылығын тек тіл сабақтарында емес, барлық пәнде дамыту қажет. Үшінші мәселе – ата-ана, мектеп және қоғам арасындағы жауапкершіліктің тең бөлінбеуі. Баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігін тек мектепке жүктеу дұрыс емес. Төртінші мәселе – цифрлық технологияларды мақсатсыз пайдалану. Технология білім сапасын арттыратын құралға айналуы тиіс. Мұғалімді де, оқушыны да дайын жауапқа тәуелді етпеуі керек. Бесінші мәселе – педагогтер арасындағы тәжірибе алмасуды күшейту қажеттілігі. Бір мектепте жақсы нәтиже берген әдіс сол ұжымның шеңберінде қалып қоймауы керек. Озық тәжірибені аудан бойынша тарату – әдістемелік қызметтің маңызды міндеті.

Бұл мәселелерді жасырмай, ашық талдап, нақты шешімдер қабылдауымыз қажет.

- Ауыл мектебіндегі балаға тең мүмкіндік беру үшін не істелуі керек?

- Тең мүмкіндік дегеніміз – барлығына бірдей талап қою ғана емес, әр баланың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау. Ауыл мектебіндегі оқушы сапалы интернетке, заманауи оқу ресурстарына, білікті педагогке, қосымша білімге және кәсіби бағдарға қол жеткізуі керек. Starlink жүйесінің енгізілуі, педагогтердің біліктілігін арттыру, олимпиадалық дайындық пен цифрлық ресурстарды кеңейту осы мақсатқа бағытталған. Дарынды балаларды ерте анықтау да маңызды. Кейде ауылдағы қабілетті бала өзінің мүмкіндігін көрсететін орта болмағандықтан назардан тыс қалады. Сондықтан пән мұғалімдері, психологтер және сынып жетекшілері әр оқушының бейімін, қабілетін жүйелі түрде зерттеуге тиіс.

Сонымен қатар оқушының болашақ мамандығын саналы таңдауы үшін кәсіби бағдар беру жұмысының мазмұнын жетілдіру керек. Оқушылар ауданға, облысқа және жалпы ел экономикасына қандай мамандар қажет екенін білуі тиіс. Баланың қай жерде дүниеге келгені оның болашағына шектеу қоймауы керек. Біздің негізгі ұстанымымыз – осы.

- Жаңа оқу жылы қарсаңында педагогтерге қандай талап қойылады?

- Мұғалім, ең алдымен, өзінің кәсіби жауапкершілігін терең сезінуі керек. Қазіргі педагог өз пәнін біліп қана қоймай, цифрлық сауатты, зерттеуші, жаңашыл және баламен тіл табыса алатын маман болуы қажет. Педагог балаға адамгершілік тұрғысынан үлгі болуы керек. Оқушыға мұғалімнің айтқан сөзінен гөрі, оның іс-әрекеті көбірек әсер етеді. Педагогтің кәсіби мәртебесі білімімен, әділдігімен және үздіксіз ізденісімен нығаяды. Мұғалім өзгерістен қорықпай, оны кәсіби дамудың мүмкіндігі ретінде қабылдауы керек. Жаңашылдықтың бәрін ойланбастан қолдану шарт емес. Әр педагог жаңа әдістің балаға беретін нақты пайдасын саралай білуі қажет.

- Ауданның бас ұстазы ретінде ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Ата-аналарға айтарым: балаға білім мен тәрбие беруде мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың маңызы зор. Мұғалімді баланың көзінше сынау, мектептің талабын жоққа шығару немесе барлық жауапкершілікті ұстазға жүктеу дұрыс емес.

Балаңызбен күн сайын сөйлесуге уақыт бөліңіз. Оның бағасын ғана сұрамай, мектепте не үйренгенін, кімдермен араласатынын, не алаңдататынын және болашаққа қатысты қандай арманы барын біліңіз. Телефон мен интернетті пайдалану тәртібіне көңіл бөліңіз. Баланың демалысы, ұйқысы, кітап оқуы, сабаққа дайындалуы және отбасымен қарым-қатынасы үйлесімді болғанда ғана оның оқу үлгерімі жақсарады.

Мектеппен тұрақты байланыста болыңыз. Мәселе туындаған жағдайда кінәліні іздеуден бұрын, оны бірлесе шешуге ұмтылған жөн. Бәріміздің ортақ мақсатымыз – баланың амандығы мен жарқын болашағы. Ата-ананың балаға беретін ең үлкен көмегі – оның орнына барлық мәселені шешіп беру емес, өз бетімен әрекет етуге үйрету және қиын сәтте жанынан табылу.

- Оқушыларға айтарыңыз...

- Бүгінгі заманда білім – ең үлкен байлық, болашақтың кілті. Қай жерде тұрсаңдар да, табандылық пен еңбектің арқасында биік мақсаттарға жете аласыңдар. Баға үшін емес, өз болашақтарың үшін білім алыңдар. Дайын жауапты іздемеңдер. Сұрақ қоюдан, зерттеуден және қателесуден қорықпаңдар. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдаланыңдар, бірақ өз ойларыңды, шығармашылық қабілеттеріңді және адамгершілік қасиеттеріңді жоғалтпаңдар. Ұлы Абай айтқандай, ақыл, қайрат және жүректі бірдей ұстауға ұмтылыңдар. Білімді, адал, еңбеккөр және елін сүйетін азамат болу әрқайсыңның қолдарыңда. Мектепте алған білімдерің туған жердің дамуына, елдің өркендеуіне қызмет етсін. Бүгінгі еңбектерің – ертеңгі жетістіктеріңнің негізі.

- Соңғы сұрағым: ауданның білім саласының алдағы мақсатын қалай тұжырымдар едіңіз?

- Біздің басты мақсатымыз – әрбір балаға сапалы білім мен тең мүмкіндік беру, педагогтің кәсіби мәртебесін арттыру және Конституцияда белгіленген білім мен адам капиталын дамыту қағидаттарын нақты нәтижелермен қамтамасыз ету. Білім саласының жетістігі марапатпен, пайыздық көрсеткішпен немесе есеппен ғана өлшенбейді. Оның ең басты көрсеткіші – мектептен білімді, тәрбиелі, жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді және елінің болашағына үлес қоса алатын азамат тәрбиелеп шығару.

Ақсуат ауданының білім саласында кәсіби тәжірибесі мол ұстаздар, білімге ұмтылған оқушылар және мектепке қолдау білдіретін ата-аналар аз емес. Осы үш күш өзара бірлікте жұмыс істесе, алынбайтын асу болмайды.

Жаңа оқу жылында барша ұстаздарға шығармашылық табыс, ата-аналарға амандық пен береке, ал оқушыларға білім жолында биік жетістіктер тілеймін!

- Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ләйлә ЕДІЛҚЫЗЫ,
«Semeı tańy»



Abai OBLYSY ЖАҢАЛЫҚТАР ЖЕЛІСІ

АБАЙ

470 ТҮП ТЕРЕК ЕГІЛДІ

19 қыркүйек – Дүниежүзілік тазалық күні аясында еліміздің барлық өңірінде қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты таза ұстауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған экологиялық акция өтті.

Осы шараға Абай ауданының халқы да белсене атсалысты. Аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілікке мекеме, бөлім қызметкерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Акция барысында аудан аумағында тазалық жұмыстары жүргізіліп, 470 түп терек ағашы отырғызылды.

Табиғатты көркейту мен қоршаған ортаны жақсартуда ағаш отырғызудың маңызы зор. Сенбілік барысында аға буын өкілдері жастарға табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсіндіріп, тазалықты сақтауға шақырды.

БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Биыл Абай ауданындағы 9 ауылдық округ пен 1 елді мекенде барлығы 20 тұрғын үй, яғни 40 пәтер салынуда. Әр ауылда екі баспанадан бой көтеруде.

Жуырда Қасқабұлақ ауылында көп балалы отбасыға төрт бөлмелі, 6 сотық жер учаскесі бар жалға берілетін тұрғын үйдің кілті табысталды.

Жаңа қоныс иесі Алмагүл Төлеуқоңырова алдағы уақытта ауласына қосалқы құрылыс жүргізіп, осы баспанада өсіп-өркендеуге ниетті.

АЯГӨЗ

КӨШЕГЕ СУАҒАР САЛЫНАДЫ

Көктем айларында жауын-шашын мен еріген қар суы Аягөз қаласындағы Қошқарбаев көшесінің тұрғындарына бірқатар қиындық туғызған еді. Мәселені жедел шешу үшін сол кезде мемлекеттік мекеме қызметкерлері бірнеше күн бойы жұмыстар жүргізді.

Сондықтан мұндай жағдайдың қайталанбауы үшін көшеге суағарлар орнатып, су бұру жүйесін ретке келтіру қажеттігі туындады. Осыған байланысты аудан әкімі Айбек Нұғымаров көшелерді аралау барысында Қошқарбаев көшесіндегі жағдаймен танысып, суағар жүйесін салу бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырды.

Аталған мәселе облыс басшысы Берік Уәлидің де назарында. Көктемде Қошқарбаев көшесіне арнайы барған облыс басшысы жағдаймен танысып, мұнда суағар жүйесін салу қажеттігін қолдаған болатын.

БОРОДУЛИХА

ЖАС БОКСШЫЛАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Аудан спортшылары облыстық ашық чемпионатта сәтті өнер көрсетіп, жүлделі орындардан көрінді. Жарысқа 2009-2012 жылдары туған мектеп оқушылары қатысып, шаршы алаңда бақ сынады.

Турнирде Санжар Серікқан 57 келі салмақта жұдырықтасқан қарсыластарының бәрінен басым түсіп, алтын медаль иеленді. Сонымен қатар Ерхан Әлібеков (46 келі), Мадияр Бақтығалиұлы (48 келі), Ілияс Серікқазин (50 келі) және Рахат Қажет (70 келі) қола жүлдеге ие болды.

Жас боксшылардың бұл жетістігі - олардың тыңғылықты дайындығы мен жаттықтырушылары Ерболат Қинаятұлы мен Ахмет Сайлаубекұлының еңбегінің нәтижесі. Жеңімпаздарға алдағы жарыстарда да толағай табыс тілейміз.

ЖАҢАСЕМЕЙ

ҚАНДАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Жаңасемей ауданының Мансап орталығының ұйымдастыруымен «Қандастар мен қоныс аударушыларды бейімдеу орталығы» қоғамдық бірлестігі Жаңасемей ауданына көшіп келген қандастарға заңнамаға енгізілген өзгерістерді түсіндіру мақсатында кездесу өткізді.

Кездесуге Абай облысы Полиция департаментінің көші-қон қызметі бөлімі, Жаңасемей ауданының жұмыспен қамту бөлімі, Жаңасемей аудан әкімшілігі қатысты.

Кездесу барысында қандас мәртебесін алу, қандас куәлігін ресімдеу, ықтиярхат және Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тәртібі түсіндірілді. Сонымен қатар жұмыспен қамту және мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат ұсынылды.

Жиында қандастардың жеке мәселелері бойынша кеңестер берілді. Мұндай шаралар қандастарымыздың жаңа ортаға бейімделуіне, құқықтық сауаттылығын арттыруға және өзекті мәселелерін шешуге септігін тигізеді.

АКЦИЯҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Дүниежүзілік тазалық күніне орай Жаңасемей ауданында ауқымды сенбілік ұйымдастырылды. Игі шараның мақсаты – экологиялық ахуалды жақсарту, тазалық мәдениетін қалыптастыру, халықты қоршаған ортаны қорғау және абаттандыру жұмыстарына кеңінен тарту.

Сенбілік барысында аудан аумағында тазалық жұмыстары жүргізіліп, көшелер мен қоғамдық орындар ретке келтірілді. Белсенді тұрғындар ортақ іске атсалысып, туған өлкенің көркеюіне үлес қосты.

Шара аясында 100-ден астам түп ағаш отырғызылды. Бұл - елді мекендерді көгалдандырып, қоршаған ортаны көркейтуге бағытталған игі қадам.

«ST» - ақпарат

АБАЙ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Ауыл шаруашылығы – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен табыс көзіне тікелей ықпал ететін маңызды сала. Әсіресе жер көлемі кең, мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндігі мол өңірлерде агросектордың әлеуетін тиімді пайдалану – басты міндеттердің бірі.

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semeı tańy»





Ауыл шаруашылығы аудан экономикасының негізгі тірегі саналатын Абай ауданында осы саланы қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Шаруалардың тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасау, жерді тиімді пайдалану, мал басын арттыру және ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту – басты назардағы мәселелер.

Ауданның жалпы жер көлемі 2 млн 9 мың 391 гектарды құрайды. Жер ресурстарын тиімді пайдалану бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде мемлекетке пайдаланылмай жатқан 3812,5 гектар жер телімі қайтарылған. Бұл – 2026 жылға жоспарланған 5000 гектардың 76 пайызы. Сонымен қатар биыл 12 жер учаскесі жалпы көлемі 15 566,3078 гектар болатын жер телімдері конкурс арқылы шаруа қожалықтарына пайдалануға берілді.

Жерді айналымға енгізу ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейтуге мүмкіндік беретін маңызды қадамның бірі. Бұл ретте бос жатқан жерлерді анықтап, оларды нақты шаруашылық жүргізетін азаматтарға беру арқылы ауыл шаруашылығы алқаптарының тиімді пайдаланылуына жол ашылады.

Ауданда төрт түліктің саны жыл санап артып келеді. Абай ауданы әкімдігі берген мәліметке сүйенсек, қазіргі таңда жергілікті шаруашылықтарда 178 495 бас қой-ешкі өсірілуде. Соңғы есеп бойынша өсім 107,9 пайызға жеткен. Ірі қара өсіруде де оң өзгеріс байқалады. 117 916 бас ірі қара бар, өсім көрсеткіші – 113,5 пайыз. Жылқы шаруашылығының да қарқыны жаман емес. Қазір өңірде 98 771 бас жылқы өсірілуде. Төрт түліктің қатарында түйенің де өзіндік орны бар. Бүгінде 221 бас түйе бағылуда.

Мал шаруашылығының дамуына аудан аумағындағы шаруашылықтардың қосып отырған үлесі зор. Бүгінде аудан бойынша 535 шаруа қожалығы, 18 жауапкершілігі шектеулі серіктестік және 8 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеті – мал басын көбейту ғана емес, өндірісті тұрақты жүргізіп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға және жергілікті экономиканың дамуына үлес қосу.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі техникалық жарақтандыру деңгейіне де тікелей байланысты. Биыл ауданда лизинг арқылы 18 трактор сатып алынған. Сонымен қатар жалпы құны 282 млн 525 мың теңге болатын 20 қосалқы техника сатып алынды.

Техниканың жаңаруы шаруалардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы жұмыстарын белгіленген мерзімде атқаруға, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе мал азығын дайындау, жер өңдеу және өзге де маусымдық жұмыстар кезінде техникалық базаның мықты болуы маңызды.

Қысқы мал азығын дайындау мәселесі де күн тәртібінде тұр. Аудан бойынша 135,8 тонна қатаң мал азығын дайындау жоспарланған. Бүгінде оның 98,5 тоннасы дайын.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасына қатысуға 11 өтінім берілген. Оның ішінде 8 жобаға 162 млн 382,5 мың теңге көлемінде қаржы бөлінсе, 3 жоба қазіргі таңда қаралу үстінде.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану бағытында да жұмыс жүргізілуде. Жыл басынан бері пайдаланылмай жатқан 3 812,5 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған.

Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы ветеринариялық ахуалмен де тығыз байланысты. Осы ретте ауданда жұқпалы мал ауруларының алдын алу және ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында тиісті шаралар жүргізілуде. Жыл басынан бері 66 455 бас ірі қара бруцеллез ауруына тексеріліп, 208-інен оң нәтиже анықталған, бұл – 0,3 пайыз. Ал ұсақ мал бруцеллез ауруына теріс нәтиже көрсеткен.

Аудан әкімі Мейіржан Смағұлов ауыл шаруашылығын дамытуда жерді тиімді пайдалану, шаруаларды техникамен қамту, мал басын көбейту және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану маңызды екенін атап өтті.

– Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Сондықтан шаруалардың еңбегін қолдау, пайдаланылмай жатқан жерлерді айналымға енгізу, техникалық базаны жаңарту, мал шаруашылығын дамыту және ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына мүмкіндік жасау бағытындағы жұмыстар жалғасын табады. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалану арқылы ауылдағы кәсіптің ауқымын кеңейтуге болады,– дейді Мейіржан Смағұлов.

ЖАҢАСЕМЕЙ

350-ГЕ ЖУЫҚ АДАМ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың әл-ауқатын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау екенін үнемі айтып келеді. Елдің дамуы нақты өндірістің өркендеуімен, кәсіпкерліктің нығаюымен және тұрғындардың тұрақты табыс табу мүмкіндігімен тығыз байланысты.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semeı tańy»



Тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту, жастарға еңбек нарығына жол ашу, жұмыссыз азаматтарды қайта даярлау, кәсіп бастауға ниетті жандарға қолдау көрсету – Мансап орталығы жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

Жаңасемей ауданы Мансап орталығының директоры Айдана Мұқамеджанованың айтуынша, биыл аудан бойынша 600-ге жуық азамат Мансап орталығына жүгінген. Бүгінде олардың 349-ы жұмысқа орналастырылған. Оның ішінде 184 азамат тұрақты, 165 азамат уақытша жұмысқа орналасқан.

- Орталықтың негізгі міндеті – жұмыссыз азаматтарды тұрақты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға оқыту және азаматтарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну, – дейді Айдана Мұқамеджанова.

Орталық басшысының айтуынша, жұмыссыз азаматтардың жаңа мамандық игеруіне мүмкіндік жасау да маңызды. Сұранысқа ие мамандықтарды игерген адамдар да, жұмыс беруші де ұтылмайтындығына дау жоқ.

Қазіргі таңда 15 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарына жолданған. Ал өз кәсібін бастауға ниетті 5 азаматқа жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған қайтарымсыз грант берілген. Сонымен қатар 2026 жылы кәсіпкерлік негіздері бойынша 12 адам оқудан өткен.

Еңбек нарығында сұранысы төмен мамандығы бар немесе мамандығы жоқ азаматтарға жаңа кәсіп меңгеруге мүмкіндік бар. Мансап орталығы қысқа мерзімді кәсіптік оқыту және қайта даярлау курстарына жолдайды. Оқыту жұмыс берушілердің қажеттілігіне сәйкес сұранысқа ие мамандықтар бойынша ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, азаматтар Skills Enbek платформасы арқылы онлайн курстардан өтіп, сертификат ала алады.

Мамандық таңдауға қатысты да еңбек нарығындағы сұраныс ескеріледі. Айдана Мұқамеджанованың айтуынша, жұмыс іздеушілер арасында жүргізуші, аспаз, сатушы, күзетші, есепші, тәрбиеші және түрлі жұмысшы мамандықтарына қызығушылық жоғары. Ал жұмыс берушілер тарапынан білім беру және тәрбиелеу, медицина және өндірістік салалардың мамандарына қажеттілік байқалады. Осыған байланысты Мансап орталығы еңбек нарығындағы сұранысты тұрақты саралап, азаматтарға қажетті мамандықтарды таңдауға бағыт-бағдар береді.

Жұмыссыз азаматтарға тұрақты жұмысқа орналасу үшін бірқатар мүмкіндік ұсынылады. Атап айтқанда, жыл сайын Жұмыс орындарын құрудың өңірлік картасы бекітіліп, азаматтар инфрақұрылымдық жобаларға қатысуға немесе жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік алады, сондай-ақ субсидияланатын жұмыс орындарына жіберіледі. Сонымен бірге кәсіп бастауға ниетті тұрғындарға қайтарымсыз гранттар мен микрокредиттер бойынша кеңес беріледі.

Жастарды еңбек нарығына бейімдеу де назардан тыс қалмайды. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы оқу орындарын жаңадан бітірген жастарға өз мамандығы бойынша алғашқы кәсіби дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берілуде. Бүгінде осы бағдарлама арқылы 13 адам жұмысқа орналасқан.

– Жастардың еңбек нарығына тез бейімделіп, алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтауы маңызды. Осы бағытта ай сайын жылжымалы бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен жұмыс берушілермен кездесулер өткізіледі. Колледж студенттері мен жоғары сынып оқушылары үшін Ашық есік күндері ұйымдастырылып тұрады. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында да көптеген жастар жаз бойы еңбек етеді, – деді Мансап орталығының директоры.

Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды жұмыспен қамтуға да ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ретте, тұрақты жұмысқа орналастырумен қатар, субсидияланатын жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар, «Жастар тәжірибесі», «Күміс жас» жобасы және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары қарастырылған. Әсіресе мүгедектігі бар азаматтарға, пробация есебінде тұрған адамдарға және табысы төмен отбасыларға назар аударылуда.

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту да негізгі бағыттардың бірі. Ауылдарда тұрақты жұмыс орындары шектеулі болған жағдайда, тұрғындарға аудан орталығындағы және жақын елді мекендердегі бос жұмыс орындары ұсынылады. Сонымен қатар қоғамдық және субсидияланатын жұмыс орындарына, «Күміс жас» жобасына қатысу, кәсіпкерлік негіздерін оқыту және грант алу мүмкіндіктері түсіндіріледі.

Бос жұмыс орындары туралы ақпаратты тұрғындар Жаңасемей ауданының Мансап орталығынан, Enbek.kz электрондық еңбек биржасынан, аудан әкімдігі мен Мансап орталығының ресми ақпараттық ресурстарынан ала алады. Сондай-ақ бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен жұмыс берушілермен кездесулерге қатысуға мүмкіндік бар.

Биыл аудан бойынша барлығы 331 адамды жұмыспен қамту жоспарланған болатын. Оның ішінде 188 адамды тұрақты, 143 адамды уақытша жұмыс орындарына орналастыру көзделген. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтағы 5 азаматқа өз ісін бастау үшін қайтарымсыз грант беру, 15 адамды сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту және 50 адамды Skills Enbek онлайн курстарымен қамту жоспарланған. Дегенмен 18 қыркүйектегі жағдай бойынша, жоспарланған межеден асып, 349 адам жұмысқа орналастырылған. Оның 184-і тұрақты, 165-і уақытша жұмыс орындарына орналасқан.

– Ең алдымен жұмыс іздеуді кейінге қалдырмай, Мансап орталығына немесе Enbek.kz электрондық еңбек биржасына жүгінген дұрыс. Бір ғана жұмыс орнын күтпей, бірнеше бос жұмыс орнына өтініш беріп, жұмыс берушілермен сұхбаттасуға белсенді қатысу маңызды. Егер мамандығы бойынша жұмыс табу қиын болса, кәсіптік оқыту, қайта даярлау және қысқа мерзімді оқыту мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Ең бастысы – белсенділік танытып, ұсынылған мүмкіндіктерді тиімді пайдалану,– дейді Айдана Мұқамеджанова.

Жұмыспен қамту бағытындағы бұл шаралар тұрғындардың тұрақты табысқа қол жеткізуіне, жаңа мамандық игеруіне және кәсіп бастауына мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта да еңбек нарығындағы сұраныс пен жұмыс берушілердің қажеттілігін ескере отырып, мамандарды даярлау маңызды міндет болып қала бермек.

БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАСТАР АШЫҚ СҰХБАТ АЛАҢЫНДА

Қазіргі таңда жастардың психологиялық саулығы маңызды мәселеге айналып отыр. Жаһандану, технологияның жедел дамуы, әлеуметтік қысым мен жоғары бәсекелестік жағдайында жастар жиі күйзеліс, мазасыздық, депрессия секілді қиындықтарға тап болып жатады. Осындай жағдайларда олардың психологиялық саулығын нығайту – қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Бесқарағай ауданы Жастар ресурстық орталығының мамандары колледж студенттерімен бірлесе өткізген «Сен жалғыз емессің» атты ашық сұхбат алаңы осы мәселелерге арналды.

Жастарды ашық әңгімеге тартқан еркін форматтағы кездесуде қатысушылар өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салып, мамандармен пікір алмасты.

Кездесудің ерекшелігі жастардың өз көңілкүйін еркін білдіруіне мүмкіндік берілгенінде. Арнайы интерактивті тәсілдер арқылы студенттер түрлі смайликтердің көмегімен қазіргі көңіл-күйін жеткізді. Бірінің көңілі көтеріңкі болса, енді бірі шаршағанын немесе алаңдайтынын білдіріп жатты. Осы қарапайым тәсілдің өзі жастардың өз сезіміне назар аударып, оны ашық жеткізуіне мүмкіндік берді.



Мамандар жастарға өмірде қиындық пен күйзеліс кез келген адамның басынан өтетінін, мұндай сәтте мәселені ішке бүгіп, жалғыз шешуге тырыспай, сенімді адаммен сөйлесудің, қажет болса маман көмегіне жүгінудің маңызын түсіндірді. Жастар өз сезіміңді бөлісу – әлсіздік емес, керісінше, қиындықпен күресудің бір жолы екенін ұғынды.

Кездесу барысында студенттерге пайдалы ақпараттар қамтылған брошюралар мен жаднамалар да таратылды. Сондай-ақ жастарға қажет кезде көмек көрсетуге дайын мамандар мен қолдау орталықтары туралы мәлімет берілді.

«Сен жалғыз емессің» тақырыбының өзі кездесудің негізгі мақсатын аңғартып тұр. Өйткені кейде қиындықтың өзін емес, оны жалғыз өткеру ауыр тиеді. Ал жанында тыңдайтын, түсінетін, дұрыс бағыт көрсететін адамдардың барын білу кез келген жас үшін маңызды.

Бесқарағайдағы бұл кездесу жастармен ашық сөйлесудің, олардың пікіріне құлақ асып, қажет кезде жанынан табылудың маңызын тағы бір мәрте көрсетті. Ұйымдастырушылар мұндай кездесулерді алдағы уақытта да жалғастыруды жоспарлап отыр.

Жастар – кез келген қоғамның болашағы. Олардың психологиялық саулығын қорғау арқылы рухани бай, тұрақты қоғам құра аламыз. Бұл үшін әрбір адам, ата-ана, педагог және мемлекет жастарға қолдау көрсетіп, олардың ішкі жан дүниесіне мән беруі тиіс. Психологиялық саулық – бұл тек денсаулықтың кепілі ғана емес, сонымен қатар өмірдің сапасын арттыратын басты құндылық.

Бесқарағай жастар ресурстық орталығы

ҚҰС ФАБРИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Бесқарағай ауданының Қарабас ауылында шілде айының соңында іргетасы қаланған «Abai Poultry Agro» заманауи, жоғары технологиялық құс фабрикасының құрылысы жүріп жатыр. Жуырда аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы мен арнайы жұмыс тобы құрылыс алаңындағы жұмыс барысымен танысып қайтты.

Қазіргі таңда нысанда бес бірдей құс қорасының негізін дайындау жұмыстары қызу жүргізілуде.

- Бүгінде құрылыс алаңына 36 адам және 5 арнайы техника жұмыс істеп жатыр. Құрылыс басында, электр желілерін тарту жұмыстарымен қатар, нысандардың іргетасын қалау алдындағы бетон құю жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Жұмыс қарқыны өте жоғары. Алдағы қыс айларында ғимарат ішіндегі негізгі технологиялық жабдықтарды монтаждау жұмыстары жүргізілетін болады,- аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы.

Барлық жұмыс кезең-кезеңімен, техникалық талаптарға сай жүзеге асырылуда. Белгіленген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың соңына дейін құс фабрикасының негізгі ғимараттарының қабырғасын толық көтеріп бітіру көзделуде.

Жобаның жалпы инвестиция көлемі 8,5 млрд теңгені құрайды. Жоба аяқталған кезде аудан экономикасына серпін беріп, өңірдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге



елеулі үлес қосады деп күтілуде.

Толық циклді өндірістің іске қосылуы аймақтағы тауық жұмыртқасы тапшылығын жоюға мүмкіндік береді. Фабрика толық іске қосылғанда жылына 150 миллион дана жұмыртқа өндіру жоспарланып отыр, сондай-ақ құс саны 480 мыңға дейін жеткізілмек. 150 тұрақты жұмыс орнын ашу көзделген.

Бұл бірегей жоба тек Қарабас ауылының ғана емес, жалпы ауданның ауыл шаруашылығы мен өндірістік саласын жаңа деңгейге көтереді деп күтілуде. Ең бастысы, жаңа өндіріс орнының ашылуы ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шешуге, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етпек.

Құрылыс барысы тұрақты бақылауда болады. Жергілікті билік тарапынан отандық инвесторларға қажетті қолдау көрсетілетін болады.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

БОРОДУЛИХА

АДАЛ ЕҢБЕК ҚАШАНДА ҚАДІРЛІ

Қыркүйек айының соңғы жексенбісінде елімізде Еңбек күні атап өтіледі. Бұл - маңдай терімен ел дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдіріп, құрмет көрсететін маңызды мереке.

Осы мерекеге орай Бородулиха ауданының Жаңа Шүлбі ауылында ауқымды мәдени-спорттық іс-шара өтті. Ауыл ипподромы аумағында тігілген ақшаңқан киіз үйлер мерекенің сәнін келтірді. Әр ауылдық округтен келген тұрғындар мен еңбек ұжымдарының басын қосқан мерекелік шара ән мен жырға ұласып, спорттық сайыстармен жалғасты. Аудан өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ал қазақ күресі мен ат спорты жарыстарында жүйріктер мен шабандоздардың шеберлігі сыналды. Әсіресе Еуразия кубогы үшін өткен дүбірлі дода ипподромға жиналған жұрттың қызығушылығын арттырды. Тұлпар тұяғының дүбірі мен жанкүйерлердің қошеметі мерекелік көңіл-күйді одан әрі қыздыра түсті.

Мерекелік шара барысында түрлі салада жемісті еңбек етіп, аудан дамуына үлес қосып жүрген жандарға құрмет көрсетілді. Аудан әкімі Талғат Мұратов тұрғындарды мерекемен құттықтап, ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтарға алғыс білдірді. Сондай-ақ мерекені ұйымдастыруға және ауданның әлеуметтік әлеуетін арттыруға үлес қосып жүрген «BORODULIKHA 25» қоғамдық қорына, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен кәсіпкер-меценаттарға ризашылығын жеткізді.

Дегенмен бұл шара тек ән мен спорттық жарыстармен шектелген жоқ. Мерекенің ең тағылымды тұстарының бірі – ауданның білім бөлімі мен білім беру ұйымдары әзірлеген «Ауыл еңбегі» тақырыптық көрмесі болды. Ұлттық нақышта безендірілген көрме бірнеше бағытты қамтып, ауыл өмірінің кешегісі мен бүгінін бір кеңістікке тоғыстырды. Мұнда еңбек ардагерлері мен өңірдің дамуына үлес қосқан азаматтардың өмір жолы, олардың жетістіктері таныстырылды.



Көрменің «Тарихтағы еңбек» бөлімінде өткен ғасырдан жеткен еңбек құралдары мен тұрмыстық бұйымдар қойылған. Ежелгі механикалық таразы, байырғы есепшот, қол ұршығы, ағаш иіргіш, патефон мен көне үтіктер бір қарағанда қарапайым заттар болғанымен, әрқайсысы өз дәуірінің тыныс-тіршілігінен сыр шертеді. Оларды тамашалаған жұрт ауылдағы еңбек үдерісінің уақыт өте қалай өзгергенін аңғара алды.

Ал «Шебер қолдар – ұлттық өнер айнасы» бұрышында жергілікті шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар көпшілік назарына ұсынылды. Ұлттық нақыштағы картиналар, дәстүрлі киімдегі кәдесый қуыршақтар, теріден жасалған торсықтар мен түрлі әшекейлер халықтың қолөнер дәстүрі бүгін де жалғасып келе жатқанын көрсетті.

Ауылдың негізгі тіршілігі саналатын шаруашылық саласына қатысты бұйымдар да көрмеден орын алды. «Ауыл шаруашылығы еңбегі» бөлімінде жергілікті өнімдер мен ауыл шаруашылығы жетістіктері таныстырылды.

Көрме жастарды да назардан тыс қалдырмады. «Мамандықтар әлемі» бөлімінде бүгінгі және болашақта сұранысқа ие кәсіптер туралы ақпарат беріліп, жас өрендерге кәсіби бағдар көрсетілді. Еңбек барысында қолданылатын арнайы киімдер мен қорғаныс құралдарының үлгілері де қойылды.

Ал «Заманауи еңбек» бөлімі ауыл өмірінің жаңа технологиялармен бірге өзгеріп келе жатқанын аңғартты. Жас өнертапқыштар мен техникалық шығармашылық орталықтарының роботтары, дрондары мен түрлі модельдері көпшілік назарына ұсынылды.

Адал еңбегімен елдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтар - қоғамның нағыз тірегі. Қырда егін егіп, өрісте мал бағып, өндірісті өркендетіп, кәсіп бастап, жаңа жұмыс орындарын ашып жүрген азаматтардың еңбегі – ауылдың бүгінгі тынысы мен ертеңгі дамуының берік негізі. Кез келген жұмыс - елге қызмет ету. Өз кәсібіңді адал атқарып, отбасыңды асырап, ауылдың тіршілігіне, дамуына үлес қоса аласың. Жаңа Шүлбіде өткен мерекенің негізгі мақсаты да осында – еңбек адамына құрмет көрсету.

Ш.ДОСКЕЕВА



МАҚАНШЫ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында және Дүниежүзілік тазалық күніне (World Clenup Day) орай, жалпыөңірлік сенбілік өтті. Акцияға Мақаншы ауданы тұрғындары да қатысып, санитарлық тазалық және ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді.



Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semeı tańy»

Сенбілікке ауданның еңбек ұжымдары, мекеме қызметкерлері, жастар, қоғамдық ұйым өкілдері және белсенді тұрғындар қатысты. Қатысушылар елді мекендердің көшелері мен қоғамдық орындарын, аулаларды қоқыстан тазартып, жиналған тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға шығарды.

Тазалық жұмыстары барысында қоршаған ортаның жай-күйіне ғана емес, елді мекендердің көркіне де көңіл бөлінді. Айналаны ретке келтіру, қураған шөптерді жинау, абаттандырылған аумақтарды тазалау сияқты жұмыстар атқарылды. Ортақ іске жұмылған тұрғындардың еңбегі нәтижесінде көпшілік пайдаланатын орындардың ажары кіріп, тазалық сақтаудың маңызы тағы бір мәрте байқалды.

«Таза Қазақстан» – бір күндік сенбілікпен шектелетін шара емес. Оның негізгі мәні – әр адамның қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, тазалықты күнделікті өмір салтына айналдыру. Таза көше, жинақы аула, қоқыссыз табиғат ең алдымен тұрғындардың жауапкершілігіне байланысты.

«Таза Қазақстан» халықты қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үндейді. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау - бір ғана мекеменің немесе белгілі бір топтың емес, баршаға ортақ міндет.

Табиғатты аялау, туған өлкені таза ұстау әр адамның өз ауласынан, өз көшесінен басталады. Осындай қарапайым әрекеттер көпшілікке ортақ әдетке айналғанда ғана таза әрі жайлы орта қалыптасады.

ЖАРМА

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жарма ауданы әкімінің төрағалығымен өткен жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бірқатар мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысы. Жиында жылу қазандықтарының, әлеуметтік нысандар мен коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйі сараланып, жауапты мекемелерге қажетті жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау тапсырылды.

Сонымен қатар аудан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жағдайы қаралды. Жауапты мамандар нысандарды қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аудан әкімі тарихи мұраны сақтау шараларын күшейтуді тапсырды.

Мерзімді әскери қызметке шақыру науқанын ұйымдастыру, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында берілген кредиттер бойынша қалыптасқан берешекті реттеу мәселелері де жиында талқыланып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берілді.

КӨКПЕКТІ

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ТАРТЫЛУДА

Аудан орталығынан Биғаш ауылына шығатын жол бойында салынған жаңа тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық желілер тартылуда.

Қазіргі таңда аталған аумақта ауыз су және электр желілерін жүргізу жұмыстары қолға алынған. Жуырда аудан әкімі жауапты мамандар мен мердігер ұйым өкілдерімен бірге құрылыс басына барып, атқарылған жұмыстардың сапасын көріп қайтты.

Жоспарға сәйкес, ауыз су мен электр желілерін тарту жұмыстары жақын күндері толық аяқталмақ. Бұл жаңа үйлерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

БАНК ШОТЫН ЖАЛҒА БЕРГЕН

Көкпекті ауданында 30 жастағы әйел әлеуметтік желіден банк шотын жалға беру арқылы ақша табуға болатыны туралы хабарландыруды көріп, белгісіз адаммен Telegram арқылы байланысқан. Оған әр түрлі тұлғалардан ақша аударымдарын қабылдау үшін банк шотын пайдалануға беру ұсынылып, сыйақы уәде етілген. Әйел ұсынысқа келісіп, 2026 жылғы 2-9 наурыз аралығында шотына түскен қаражатты қабылдағаны үшін 40 мың теңге сыйақы алған.

Сот оның әрекетін банк шотын үшінші тұлғаларға материалдық сыйақы үшін заңсыз пайдалануға беру деп бағалады. Кінәсін мойындап, жасаған ісіне өкінгені және асырауында кәмелетке толмаған балалары бары жауаптылықты жеңілдететін мән-жай ретінде ескерілді.

Нәтижесінде әйелге 20 АЕК, яғни 86 500 теңге айыппұл салынды. Сонымен қатар жәбірленушілерге өтемақы қорына 5 АЕК (21 625 теңге) мәжбүрлі төлем өндірілді.

ҮРЖАР

ТАЗАЛЫҚ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Үржар ауданында ауқымды сенбілік өтті. Тазалық шарасына аудан әкімі Ақылбек Башимбаев қатысып, тұрғындармен бірге елді мекен аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

Сенбілікке 520 адам мен 62 мекеме қатысып, 15 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 320 аула, 5 саябақ пен сквер, сондай-ақ 4 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы тазартылды. Бұдан бөлек, 26 әлеуметтік және 18 кәсіпкерлік нысанның аумағы қамтылып, полигонға 110 тонна қоқыс шығарылды.

Бұл күні 850 түп ағаш отырғызылды. Тұрғындар ортақ іске жұмыла кірісіп, туған жерге деген жанашырлық пен қоршаған ортаға жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА

Үржар аудандық полиция бөлімі қызметкерлері «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында кафе, мейрамхана және компьютерлік клубтарды аралап, заң талаптарын түсіндірді. Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің заң талаптарын сақтауын қамтамасыз етіп, түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз ойын-сауық орындарында жүруінің алдын алу.

Рейд барысында нысан иелері мен қызметкерлеріне кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтау, белгіленген уақытта олардың заңды өкілдерінсіз ойын-сауық орындарында болуына жол бермеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Полиция қызметкерлері нысан иелері мен қызметкерлеріне жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

СЕМЕЙ

ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Семейде жолда қауіпті маневр жасаған 20 жастағы Toyota жүргізушісі әлеуметтік желіде тараған бейнежазбадан кейін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бейнежазбада көліктің күрт маневр жасап, басқа көлікке қауіпті қашықтыққа жақындаған. Полиция қызметкерлері жүргізушіні анықтады. Ол Семей қаласының 20 жастағы тұрғыны болып шықты.

Жүргізуші маневр басталар алдында белгі беруге қатысты жол қозғалысы ережесінің талабын орындамағаны үшін жауапқа тартылды. Бұл құқық бұзушылық үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Полиция жол қауіпті видео түсіретін орын емес екенін еске салды. Мұндай әрекет жол қозғалысының басқа қатысушыларына қауіп төндіріп, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

«ST» - ақпарат

ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ - МӘҢГІ ҰЛАҒАТ

Цифрлық технология мен жасанды интеллектті шапшаң дамытып, шалымды қолдана алған мемлекеттің ғана өркениет сапынан лайықты орын алатыны белгілі болды. Осы көкейкесті мәселеге, республика Президентінің ұстанымына сай, ғалымдармен қатар бұқаралық ақпарат құралдары баса көңіл бөлуде. Қазақ қаламгерлерінің төл газеті «Қазақ әдебиетінің» де бұл тақырыпты қаузай жазып отырғанының куәсіміз. Соның бірі – оның «өз тілшісінің» биылғы 26 маусымдағы санында басылған «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деген сұхбат. «Құпия әріптес» туындысының, бірден айтайын, «буынсыз жерге пышақ ұрып», жаңалық ашқандай, «сүйінші-леген» тақырыбы көңілге мүлде қонбады.



Алайда, цифрлық технологиялар саласы бойынша жүзден астам мақаланың және бірнеше оқулық пен монографияның авторы Ұ. Есенбекованың сұхбат барысындағы байсалды жауаптарына дау айтудан аулақпын. Жасанды интеллекттің жасампаз және шүбәлі қыр-сырын зерттеп жүрген ғалымға тілектестіктен басқа бөтен ойдың болуы мүмкін емес. Ал, сұхбаттың тақырыбына шұқшиюдың себебі, ұлы Абайдың асыл мұрасына «әйтеуір заманауи дүние екен» деп, ЖИ-ді тура мағынасында «жамауға» деген қарсылық. Осы орайда Хакімнің «өлмейтұғын сөз» жауһарына күмәнді «жаңа» өлеңдер (жаңалықтар да -Б.Ж.) тауып қосудан гөрі, Абай «теңізіне» терең бойлай алсақ та жеткілікті деген пікірге саятын Мұхтар Әуезов тұжырымын ұстанған абзал.

Газеттің «өз тілшісі», тіпті әдебиетші немесе публицист емес, ғаламмен әңгіменің тақырыбын «айқайлатып» қойып, бүгін ақынға «жасанды интеллекттің жауабын» айтқызсақ, қыздықыздымен күні ертең Хакімді талай техника мен технологияның «құлағында ойнатып», ғарышқа самғатуымыз да ғажап емес. Соның бәрінің де Адамның ақыл-ойы мен күш - жігерінің жемісі екені рас. Олай болса, ұлы Абайдың да ерекше ардақ тұтатыны – Адам екенін мықтап есте ұстаған жөн. Қанша «ақылды» болса да Адамның орнын құлтемірлер басса, Алла өзі жаратқан, бірақ енді «керексіз» жан иесінің демі «үзіліп», ақырзаман орнайтыны күмән тудырмаса керек.

Адамзаттың басына азапты күннің қашан төнетіні Құдайға ғана мәлім. Қасиетті құранда «Мұхаммед, олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды. Шынында оның мәліметі Раббымның қасында. Оның уақытын өзі ғана біледі. Көктер мен жердегі ауыр жағдай сендерге кенеттен-ақ келеді...» деп жазылыпты. Сондықтан Хакімнің асыл мұрасы, ең бастысы, адамды тану, өмірге деген махаббат, яки үш сүю – «имани гүл» ілімі болып табылады. Мұның – Алланы, адамды және әділетті сүю, «қазақтың бірін бірі дос тұту» арқылы барша адам баласын бауыр санау екені аян. «Атымды адам қойған соң, Қайтіп надан болайын...» - деп, толғана келе Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» - деген қорытынды жасайтынын да білеміз.

Ал, адам ақыл-ойы мен күш-жігерінің жемісі – ЖИ-дің бізге қаншалықты «адал» қызмет ететіні де тағы сол өзімізге, яки «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап, алғашқы екеуін жүрекке билететін толық» Адамға тәуелді. Ендеше, асыл мұраға ЖИ-ді «жамап», асылық жасамаған абзал. Бұл пікіріміздің дұрыс немесе бұрысын жасанды интеллекттің өзінен сұрап көрелік. Осы мақсатпен ЖИ-ассистент арқылы жасанды интеллектке негізделген «ChatGPT», «Gemini», «Copilot», «Grok» интеллектуалды көмекшілер немесе генеративті жасанды интеллект жүйелеріне жүгінген едім. Менің «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деудің қаншалықты қисыны бар?» - деген сұрағыма алған жауаптарды «өзіне керек жерлерін ғана пайдаланыпты» деген дау тумас үшін сол қалпында ұсындым.

ChatGPT: «Бұл тіркесті тура мағынада айту қисынсыз, ал астарлы немесе көркем мағынада қолдануға болады. Егер «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деп сөзбе-сөз айтсақ, бұл тарихи тұрғыдан дұрыс емес. Өйткені, жасанды интеллект ұғымы мен технологиясы Абай өмір сүрген кезеңде болған жоқ. Ал егер бұл сөздің мақсаты Абайдың ойларының бүгінгі жасанды интеллект дәуірінде де өзектілігін көрсету болса, онда ол метафора ретінде әсерлі естіледі. Мысалы:

* «Хакім Абай жасанды интеллект дәуірінің басты жұмбағына әлдеқашан жауап бергендей: адамды адам ететін – ақыл, ғылым, ар және жүрек»;

* «Жасанды интеллекттің мүмкіндігі артқан сайын, Абай көтерген адамгершілік, білім және жауапкершілік мәселелері бұрынғыдан да маңызды бола түседі;

* «Абай жасанды интеллектті білген жоқ, бірақ оны дұрыс пайдалана алатын адамның қандай болуы керектігін айтып кеткен». Әсіресе Абайдың Қара сөздер мен «толық адам» тұжырымдамасы бүгінгі AI дәуірінде жиі қайта оқылып жүр. Абай технология туралы емес, адам туралы жазды. Ал жасанды интеллект дәуіріндегі ең үлкен сұрақтардың бірі де – технологияны қандай адам басқарады деген мәселе.

Сондықтан ең дәл әрі қисынды тұжырым мынадай болар еді:

«Хакім Абай жасанды интеллекттің өзін емес, оны адам игілігіне жарата алатын адамның болмысын сипаттап кеткен». Мұндай ой тарихи шындыққа қайшы келмейді және философиялық тұрғыдан да әлдеқайда салмақты естіледі».

Gemini: «Бұл ой (ЖИ-дің жауабын білген - Б.Ж.) бір қарағанда тым асыра сілтеу немесе сенсация қуалау сияқты көрінуі мүмкін. Абай өмір сүрген XIX ғасырда қазіргі мағынадағы «компьютер», «код» немесе «жасанды интеллект» (ЖИ) деген ұғымдар атымен болған жоқ. Дегенмен, егер мәселеге тереңірек — философиялық және когнитивтік (танымдық) тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл тұжырымның өзіндік қисыны мен үлкен негізі бар. Абай жасанды интеллекттің техникалық құрылымын білмесе де, оның бүгінгі таңдағы ең басты жұмбағы мен шектеуін – «Сана мен жанның табиғаты неде?» деген сұрақтың жауабын алдын ала айтып кеткен. Абайдың еңбектеріне сүйене отырып, бұл пікірді неліктен қисынды деп санауға болатынын талдап көрейік:

1. Тән мен жанның, Ақыл мен Жүректің айырмашылығы.

Бүгінгі таңда ЖИ миллиардтаған деректерді өңдеп, мәтін жаза алады, сурет салады, логикалық есептерді шешеді. Бірақ ол мұны түсінбей, тек алгоритм ретінде орындайды. Абай өзінің Жетінші қарасөзінде адамның білім алуын екіге бөледі: Тән құмары (көру, есту, сыртқы дүниені тану — ЖИ-дің камералары мен сенсорлары, деректерді жинауы сияқты). Жан құмары (білсем екен, көрсем екен деген ішкі талпыныс, мағына іздеу).

ЖИ-де «тән құмарының» цифрлық аналогы бар (мәлімет жинау), бірақ «жан құмары» (ішкі мотивация, өзіндік сана) жоқ. Абай адамды адам ететін сыртқы ақпарат емес, ішкі жан құмары екенін айтқан».

2. Естігенді есте сақтау (Data) vs Иесі болу (Wisdom).

Абай Отыз бірінші қарасөзінде естіген нәрсені ұмытпай, ақылға бекітудің төрт шартын айтады. Соның ішінде: «Естіген нәрсені іштей қайталап, ойланып, бекіту» және «нәпсінің құмарлығынан тыйылу» туралы жазады.

ЖИ ақпаратты ешқашан ұмытпайды (ең мінсіз жады бар), бірақ ол ақпаратқа күйзелмейді, толғанбайды және оған жаны ауырмайды. Абай ақылдың жай ғана ақпарат жинаушы емес, рухани сүзгіден өтетін құндылық екенін көрсетті. Қазіргі ЖИ — рухани сүзгісі жоқ таза ақылдың көрінісі».

3. «Толық адам» концепциясы — ЖИ жете алмайтын шың.

Абай философиясының шыңы — «Толық адам» ілімі. Ол үш ұғымнан тұрады: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек. Қазіргі ең қуатты суперкомпьютерлер мен ЖИ модельдерінде «Нұрлы ақыл» (логика, есептеу) мен «Ыстық қайрат» (үлкен жылдамдық, жұмыс өнімділігі) бар. Бірақ оларда ең басты компонент — «Жылы жүрек» (эмпатия, мейірім, ұят, обал-сауапты сезіну) жоқ. «Ақыл мен қайратты жолға салар — Жүрек» дейді Абай.

Жасанды интеллект жұмбағының басты жауабы да осы: ЖИ қанша жерден ақылды болмасын, ол адам сияқты сезіне алмайды, өйткені оның «жүрегі» (рухани негізі) жоқ. Абай жүрексіз ақылдың қауіпті екенін ескерткен. Түйін: «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деген сөз — Абай технологияны болжады деген сөз емес. Бұл — Абай сананың, интеллектің шекарасын және оның жүрексіз (моральсіз) ештеңеге татымайтынын дәл тапты деген сөз. Сондықтан, бүгінгі ЖИ-дің даму заманында Абайдың «Толық адам» концепциясы робот пен адамды айыратын ең басты рухани компас болып қала береді. Бұл тұрғыдан алғанда,- тұжырымның қисыны өте терең.

Copilot: «Бұл ойды (ЖИ-дің жауабын білген - Б.Ж.) екі қырынан қарауға болады:

1. Абайдың дүниетанымы. Абай Құнанбайұлы XIX ғасырда өмір сүрген ойшыл, ақын, ағартушы. Ол адамзаттың ақыл-ойын, ғылымды, білімді жоғары бағалаған. Оның қара сөздерінде «ақыл», «ғылым», «сананы дамыту» туралы терең ойлар бар. Сондықтан «жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» дегенді метафоралық тұрғыда қарасақ, Абайдың ойлары қазіргі заманғы интеллектуалды жүйелердің мәнін алдын ала сезгендей әсер қалдырады;

2. Жасанды интеллект пен Абайдың қара сөздері. Әрине, Абай жасанды интеллектті нақты түрде білмеген, себебі ол технология XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды. Бірақ оның «адам ақылын дамыту», «ғылымға ұмтылу» деген идеялары жасанды интеллекттің философиялық негізімен үндеседі. Бұл жерде «жұмбақтың жауабын білген» деген сөзді символикалық, көркемдік тұрғыда қолдануға болады.

3. Метафоралық қисын. Мұндай тіркес (ЖИ-дің жауабын білген - Б.Ж.) ғылыми тұрғыдан дәл емес, бірақ әдеби немесе публицистикалық стильде қолдануға болады. Ол Абайдың ойларының заманауи ғылыммен үндестігін көрсету үшін жасалған көркемдік тәсіл. Яғни, қисыны бар — бірақ ол нақты тарихи шындық емес, әдеби метафора.

«Grok» қосымшасы: «Бұл сөйлемнің қисыны (ЖИ-дің жауабын білген - Б.Ж.) өте шартты және көбінесе метафоралық немесе риторикалық мағынада ғана бар. Оны тура мағынада (буквально) айту – тарихи тұрғыдан дұрыс емес. Неге қисынсыз?

• Хакім Абай (1845–1904) — 19-ғасырдың адамы. Ол өмір сүрген кезде жасанды интеллект (AI) ұғымы да, оның техникалық негіздері де (компьютерлер, алгоритмдер, нейрондық желілер) жоқ болатын. AI-дің теориялық негіздері 20-ғасырдың ортасында (1950-жылдар, Тьюринг тесті сияқты) пайда болды.

• Абайдың шығармаларында («Қара сөздер», өлеңдер) адамның ақылы, білімі, адамгершілігі, қоғамдық мәселелер, ғылым мен надандық туралы терең ойлар бар. Бірақ ол «машина ойлай алады ма?», «сананы имитациялау» немесе «жасанды интеллект» сияқты техникалық-философиялық мәселелерді көтере алмаған, өйткені мұндай технологиялардың ізі де жоқ еді. Неге кейде «қисынды» көрінеді?

• Метафора ретінде: Абайды жиі хакім (данышпан, дана) деп атайды, оның адам баласының ақылы, жүрегі, мақсаты туралы ойлары өте терең. Кейбір адамдар оның сөздерін қазіргі заманға (AI дәуіріне) қолданып, «Абай болашақты алдын ала сезген» деген сияқты интерпретация жасайды. Мысалы, AI-дің этикалық мәселелері, адамдық қасиеттерді сақтау, білімнің маңызы туралы оның ойларын байланыстыруға болады. Қазақстанда Абай мұрасын цифрландыру және AI-мен (бейне, дауыс генерациясы) популяризациялау белсенді жүріп жатыр.

• Мәдени-риторикалық тәсіл: Ұлттық ойшылдарды «заманауи мәселелердің алдын көрген» етіп көрсету — әдеттегі құбылыс. Бұл патриоттық немесе мотивациялық контексте қолданылады, бірақ ғылыми немесе тарихи дәлдікке сай келмейді. Қорытынды: Бұл сөйлем поэтикалық гипербола немесе анахронизм (уақытты шатастыру). Оны «Абайдың даналығы AI-дің кейбір мәселелеріне ұқсас ойларға жеткізеді» деп жұмсартып айтса — қисыны бар. Ал тура «білген» деп айту — тарихқа қайшы, ғылыми тұрғыдан негізсіз. Абайдың құндылығы – оның заманындағы адамдық мәселелерді терең түсінуінде, ал AI — мүлде басқа дәуірдің өнімі. Екеуін байланыстыру тек рухани немесе мәдени диалог үшін пайдалы».

Сонымен біздің «Қ.Ә.»-дегі сұхбаттың тақырыбына байланысты «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деудің қаншалықты қисыны бар?» - деген сұрағымызға «ChatGPT», «Gemini», «Copilot», «Grok» жасанды интеллект жүйелерінің қайтарған жауаптарын саралай келе мынадай ой түюге болады:

Біріншіден, «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деп, сөзбе-сөз айтсақ, бұл тарихи тұрғыдан дұрыс емес. Өйткені жасанды интеллект ұғымы мен технологиясы Абай өмір сүрген кезеңде болған жоқ» (ChatGPT). «Бұл ой бір қарағанда тым асыра сілтеу немесе сенсация қуалау сияқты көрінуі мүмкін. Абай өмір сүрген XIX ғасырда қазіргі мағынадағы «компьютер», «код» немесе «жасанды интеллект» (ЖИ) деген ұғымдар атымен болған жоқ» (Gemini). «Әрине, Абай жасанды интеллектті нақты түрде білмеген, себебі ол технология XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды. Бірақ оның «адам ақылын дамыту», «ғылымға ұмтылу» деген идеялары жасанды интеллекттің философиялық негізімен үндеседі» (Copilot). «Бұл сөйлемнің (Хакім ЖИ-дің жауабын білген) – қисыны өте шартты және көбінесе метафоралық немесе риторикалық мағынада ғана бар. Оны тура мағынада (буквально) айту — тарихи тұрғыдан дұрыс емес... Хакім Абай (1845–1904) — 19-ғасырдың адамы. Ол өмір сүрген кезде жасанды интеллект (AI) ұғымы да, оның техникалық негіздері де (компьютерлер, алгоритмдер, нейрондық желілер) жоқ болатын» (Grok).

Екіншіден, «ЖИ жұмбағының жауабын білген» деп, «символикалық, көркемдік немесе метафоралық қисын тұрғысынан» байланыстыруға болады. Сондай-ақ, Абайдың ойларын AI-дің этикалық мәселелері, адамдық қасиеттерді сақтау, білімнің маңызы туралы үндестікте қарастыру және патриоттық немесе мотивациялық контексте қолдану мүмкін. Бірақ, бұл ғылыми немесе тарихи дәлдікке сай келмейді. «Ал егер бұл сөздің мақсаты (Хакім ЖИ-дің жауабын білген - Б.Ж.) Абайдың ойларының бүгінгі жасанды интеллект дәуірінде де өзектілігін көрсету болса, онда ол метафора ретінде әсерлі естіледі» (ChatGPT). «Абай жасанды интеллекттің техникалық құрылымын білмесе де, оның бүгінгі таңдағы ең басты жұмбағы мен шектеуін — «Сана мен жанның табиғаты неде?» деген сұрақтың жауабын алдын ала айтып кеткен» (Gemini). Абай «жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» дегенді метафоралық тұрғыда қарасақ, Абайдың ойлары қазіргі заманғы интеллектуалды жүйелердің мәнін алдын ала сезгендей әсер қалдырады (Copilot). «Метафора ретінде: Абайды жиі хакім (данышпан, дана) деп атайды, оның адам баласының ақылы, жүрегі, мақсаты туралы ойлары өте терең. Кейбір адамдар оның сөздерін қазіргі заманға (AI дәуіріне) қолданып, «Абай болашақты алдын ала сезген» деген сияқты интерпретация жасайды (Grok).


Сонымен қатар, яки үшіншіден, аталмыш сұхбаттың тақырыбын қисынсыз санаған менің пікіріме байланысты ЖИ жүйелері ұсынған тұжырымдарды оқып көрелік. «Сондықтан ең дәл әрі қисынды тұжырым мынадай болар еді: «Хакім Абай жасанды интеллекттің өзін емес, оны адам игілігіне жарата алатын адамның болмысын сипаттап кеткен».

Мұндай ой тарихи шындыққа қайшы келмейді және философиялық тұрғыдан да әлдеқайда салмақты естіледі» (ChatGPT). «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деген сөз — Абай технологияны болжады деген сөз емес. Бұл — Абай сананың, интеллекттің шекарасын және оның жүрексіз (моральсіз) ештеңеге татымайтынын дәл тапты деген сөз (Gemini»). «Мұндай тіркес ғылыми тұрғыдан дәл емес, бірақ әдеби немесе публицистикалық стильде қолдануға болады. Ол Абайдың ойларының заманауи ғылыммен үндестігін көрсету үшін жасалған көркемдік тәсіл. Яғни, қисыны бар — бірақ ол нақты тарихи шындық емес, әдеби метафора» ((Copilot). «Бұл сөйлем (Хакім ЖИ-дің жауабын білген -Б.Ж.) поэтикалық гипербола немесе анахронизм (уақытты шатастыру). Оны «Абайдың даналығы AI-дің кейбір мәселелеріне ұқсас ойларға жеткізеді» деп жұмсартып айтса — қисыны бар. Ал тура «білген» деп айту — тарихқа қайшы, ғылыми тұрғыдан негізсіз (Grok).

Бір сөзбен айтқанда, «Хакім Абай жасанды интеллект жұмбағының жауабын білген» деп, кесіп айтудың қисыны жоқ . Оның үстіне ғалыммен сұхбаттың тақырыбын ұлы ақын «ЖИ-дің жауабын білген» деп жалаулату – «тарихқа қайшы, ғылыми тұрғыдан» негізсіз. Асыл мұра жасанды интеллекттің өзін емес, оны адам игілігіне жарата алатын адамның болмысын сипаттайды. Оған ЖИ-ді жамау, заманауи дүниелерді бірте-бірте Абайдың адам мен қоғам туралы терең іліміне қисыны келсе де, келмесе де «жапсырып», жаңалық ашу немесе «сенсация жасау» дертіне шалдықтыруы мүмкін. Сондықтан жалған сөйлеп, асылық қылмаған абзал. Мұны төл газетіміздің редакциясына емес, «пікірі редакцияның көзқарасы болып табылмайтын» тілшіге құлақ-қағыс деп қабылдасақ, құба-құп.

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы







КӘСІПКЕРЛІК

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

Жарма ауданында шағын және орта бизнесті дамыту, инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу және жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпкерлік саласының дамуы ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыруға да мүмкіндік беріп отыр.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semeı tańy»

- Бүгінде аудан аумағында 8 сауда үйі, 8 ет сату орны, 183 азық-түлік дүкені, 6 нан өнімдерін сататын орын, 14 дәріхана, 7 қоғамдық монша, 2 газ құю станциясы, 5 жанар-жағармай құю станциясы, 31 қоғамдық тамақтану орны және 10 техникалық қызмет көрсету станциясы халыққа қызмет көрсетуде,- дейді Жарма ауданының Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Гүлназ Әбішева.

Бөлім басшысының айтуынша, ауданда экономиканың түрлі салаларын қамтитын бірқатар инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Бірлік ауылдық округінде қолға алынған «East kazalloys» ЖШС-нің хромиттерді байыту және жоғары көміртекті феррохром өндіру зауытының құрылысы.

- Жобаның құны 33,8 млрд теңгені құрайды. 2024-2027 жылдар арасында жүзеге асырылатын жоба аясында 74 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Кәсіпорын жылына 300 мың тонна шикізатты қайта өңдеуге қауқарлы. Қазіргі уақытта жоба бойынша 2-санатты экологиялық рұқсат алу үшін жұмыстар жүргізілуде. Аталған рұқсат алынғаннан кейін геологиялық барлау жұмыстары басталады,- дейді Гүлназ Әбішева.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы бағытында да ірі жобалар жүзеге асырылуда. Қалбатау ауылдық округіндегі «Өр Алтай» шаруа қожалығының 2600 гектар аумақта майлы дақылдар өсіру және күнбағыс майын өндіру жобасының құны – 2,3 млрд теңге. Бүгінде 15 ауыл шаруашылық техникасы сатып алынып, 43 адам жұмыспен қамтылған. Күнбағыс майын өңдеу зауытының құрылысы қыркүйек айында басталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ «Ағайындар» шаруа қожалығы құны 820 млн теңге болатын өсімдік майы мен ет өнімдерін өндіру жобасын жүзеге асыруда. Қойма құрылысы аяқталған, май өңдеу зауытының құрылысы қыркүйек-қазан айларында басталады деп жоспарланған.

Ал «Асыл түлік KZ» ЖШС-нің құны шамамен 7 млрд теңге болатын жобасы 2026-2028 жылдарға жоспарланған. Мұнда 3 мың басқа арналған бордақылау алаңын салу, тамшылатып суару жүйесін енгізу және 1702 гектар аумаққа инженерлік инфрақұрылым жүргізу көзделген. Жоба аясында 5 сорғы станциясы, 20 жаңбырлатқыш машина және магистральды су құбырлары орнатылмақ, – дейді бөлім басшысы.

«Жарма ШҚ» ЖШС агрохолдинг құрып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру және өңдеуді, сондай-ақ ет-сүт бағытындағы өндірісті дамытуды көздейді. Жоба құны – 7,4 млрд теңге. Қазір шаруашылықта 500 бас ірі қара бар. Қойма және тұрғын үй құрылыстары салынып, екі ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Алдағы уақытта сүт және ет өңдеу зауыттарын салу жоспарланған.

Сондай-ақ «ALAYGYRGOLD» ЖШС Сарыбас учаскесінде 7,5 млрд теңгелік үймелеп шаймалау зауытын салу жобасын жүзеге асыруда. Жол салынып, қазіргі уақытта кешенді экологиялық рұқсат берілуін күтуде. Осыған байланысты жобаның іске асу мерзімі қыркүйектен желтоқсан айына ауыстырылған.

Қалбатау ауылдық округіндегі «Алтын Қазан и К» ЖШС егістік алқабын тамшылатып суару әдісімен 6000 гектарға дейін ұлғайтып, күнбағыс майын өндіруді жоспарлап отыр. Жоба құны – 7,5 млрд теңге. Бүгінде 2000 гектар жер беріліп, тағы 500 гектар бойынша құжаттар рәсімделуде. Биыл шаруашылық 4451 гектарға күнбағыс, 565 гектар алқапқа бидай және 500 гектарға жүгері егіп, жалпы 5516 гектар алқапты игерген.

- Шағын және орта бизнесті қолдауда «Ауыл аманаты» бағдарламасының маңызы зор. Бағдарлама аясында аудандағы 3 ауыл шаруашылығы кооперативі мен 3 жеке тұлға жалпы сомасы 111,6 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алған. Бұл қаражат ет және сүт өнімдерін өңдеу, жартылай дайын өнім өндіру, сүт қабылдау, химиялық тазалау, көлік жуу секілді кәсіп түрлерін дамытуға бағытталған,- дейді бөлім басшысы.



Шар қаласында Жастар аллеясы пайдалануға берілді. Жаңа қоғамдық кеңістік жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуларына мүмкіндік береді.

ЖАҢА АЛАҢДАР АШЫЛДЫ



Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Берік Терлікбаев қатысып, қала тұрғындарын құттықтады.

«Adilet AS» ЖШС-нің демеушілігімен салынған аллеяның жалпы аумағы – 0,3397 гектар. Мұнда түрлі жаттығулар жасауға арналған құралдар орнатылған. Бұл әсіресе салауатты өмір салтын ұстанып, дене белсенділігін арттырғысы келетін тұрғындар үшін қолайлы орын болмақ.

Жиында Шар қалалық мәдениет үйінің ардагерлер хорының жетекшісі Нұркамал Құсайынқызы да жаңа аллеяның ашылуына орай өз тілегін білдірді.

– Қаламызға көрік беретін осындай аллеяның салынғанына өз басым өте қуаныштымын. Қазіргі таңда жастың да, кәрінің де қимыл-қозғалысы азайып бара жатқаны жасырын емес. Бәріміз смартфонға үңіліп, көп уақытымызды бос өткізіп жатамыз. Осы тұрғыдан алғанда, түрлі жаттығу құралдарымен қамтылған бұл алаң жастар ғана емес, аға буын өкілдері де жиі келетін демалыс орнына айналады деп сенемін. Енді осы тұрғындар игілігіне берілген нысанды күтіп ұстап, бүлдірмей пайдаланайық. Тұрғындарға жайлы жағдай жасап, осындай тамаша демалыс орнын сыйлап отырған аудан әкімі Берік Серікханұлына және қала басшылығына ардагерлер атынан алғыс айтамын,- деді ардагер ана.

Жаңа аллея Шар қаласының ажарын айшықтап, тұрғындардың сүйікті демалыс орындарының біріне айналары анық.

Осындай қуанышты жаңалық Шар қаласының іргесіндегі Сарыарқа ауылында да орын алды. Ауылда екі бірдей нысан - шағын футбол алаңы мен балалар ойын алаңы пайдалануға берілді. Қос нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Берік Терлікбаев қатысты.

Іс-шарада сөйлеген сөзінде аудан басшысы балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада ойнап, спортпен шұғылдануына мүмкіндік жасау басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

– Бар жақсылық – балаларға. Бұл қазіргі қоғамның басты ұстанымы болуы тиіс. Бүлдіршіндеріміз осындай алаңдарда асыр салып ойнап, балалық шақтарын қызықты өткізгені жөн. Бүгінгі ойын балалары – елдің ертеңі. Болашағымыздың игілігіне беріліп жатқан ойын және футбол алаңдары құтты болсын! – деді аудан басшысы.

Балалар ойын алаңы қауіпсіздік талаптарына сай темір қоршаумен қоршалған. Мұнда әткеншек, таразы, сырғанақ және өзге де ойын құрылғылары орнатылған.

Шағын футбол алаңы да заманауи талаптарға сай жабдықталып, ауыл балаларының спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік беріп отыр. Нысандардың құрылыс жұмыстарын «Adilet AS» ЖШС жүргізген.

Салтанатты шарада Қалихан Қамалиев бастаған ауыл ақсақалдары ақ батасын беріп, әжелер шашу шашты.

Кәусар АРЫҚХАНҚЫЗЫ

БІЛІМ



Мектептердің дайындығы, оқулықпен қамтамасыз ету, жөндеу жұмыстары, оқушы қауіпсіздігі мен білім сапасы - жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар мен ұстаздарды толғандыратын негізгі мәселелер. Жарма ауданында 37 мектеп, 7 балабақша және 2 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Аудандағы білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына әзірлігі мен алдағы міндеттер туралы Жарма аудандық білім бөлімінің басшысы Данияр Тоқанұлы АҚЗАМОВ әңгімелеп берді.

БАСТЫ БАҒДАР – САПА, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

Жарма ауданы жаңа оқу жылына қандай дайындықпен келді?

– Данияр Тоқанұлы, жаңа оқу жылының басталғанына да біраз уақыт өтті. Алғашқы сұрағым: аудан мектептері жаңа оқу жылына қандай дайындықпен келді?

– Жаңа оқу жылына дайындықты жаз басталысымен қолға алдық. Мектептің дайындығы тек ғимаратты жөндеп, кабинеттерді ретке келтірумен шектелмейді. Оның артында баланың қауіпсіздігі, мұғалімнің жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау және оқу процесінің сапалы ұйымдастырылуы тұр.

Қазіргі таңда аудандық білім бөліміне қарасты 37 мектеп бар. Оның 21-і – орта, 15-і – негізгі, біреуі – бастауыш мектеп. Сонымен қатар 6 мемлекеттік және 1 жекеменшік балабақша, Өнер мектебі мен «Мейірім» лагері жұмыс істейді. Осы білім беру ұйымдарында 1174 педагог еңбек етеді.

Жаз бойы мектептерде жөндеу, абаттандыру, тазалық жұмыстары жүргізіліп, оқу кабинеттері дайындалды. Материалдық база толықтырылып, қауіпсіздік шаралары пысықталды. Ең маңыздысы – дайындықтың қағаз жүзінде емес, іс жүзінде қамтамасыз етілуі. Сондықтан мектептерді аралап, жағдайды көзімізбен көріп, анықталған кемшіліктер бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар бердік.

Бірқатар мектепте ағымдағы жөндеу жүргізіліп, электр желілері мен жарықтандыру жүйелері тексерілді. Мектеп аулалары ретке келтірілді. Қысқы кезеңге дайындықты да назардан тыс қалдырған жоқпыз. Жылыту маусымына әзірлік соңғы сәтке қалдырылатын жұмыс емес. Қыс келгенде мәселе туындамауы үшін барлық жүйенің алдын ала тексерілгені маңызды.

Биыл Н.Крупская атындағы орта мектепте ауқымды күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. 1975 жылы салынған бұл ғимарат бірде-бір күрделі жөндеуден өтпеген. Жобаға 802 млн теңге қаржы қарастырылып, жұмыс маусым айында басталды. Құрылыстың сапасы мен белгіленген мерзімде аяқталуы тұрақты бақылауда.

- Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Біздің ұстанымымыз қарапайым: ауылда тұратын балаға жасалған жағдай қаладағыдан еш кем болмауы керек. Оқушылардың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау - басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, материалдық-техникалық базаны нығайту – бір реттік емес, тұрақты назарды қажет ететін мәселе. Сондықтан оқу кабинеттерін қажетті жиһазбен, компьютерлік техникамен және оқу құралдарымен қамтамасыз етуді жалғастыра береміз.

– Жаңа оқу жылында аудан мектептерінде қанша бала білім алады? Бірінші сыныпқа қанша оқушы барды? Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі шешілді ме?

-

Биыл аудан мектептерінде 6000 оқушы білім алады. Оның ішінде 606 бүлдіршін мектеп табалдырығын алғаш рет аттап отыр. Бірінші сыныпқа баратын баланың әрқайсысы үшін бұл – ерекше кезең. Сондықтан біз үшін оқушы санын анықтау ғана емес, олардың мектепке бейімделуіне , білім алуына қолайлы жағдай жасау маңызды. Барлық мектепте оқушы контингенті нақтыланды.

Биыл қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің 3-сыныптарына арналған бірқатар пән оқулықтары, сондай-ақ 7-сыныпқа арналған дүние жүзі тарихы оқулықтары жаңартылды. Жарма ауданына жеткізілген кітаптар мектептерге таратылды. 4, 8 және 9-сыныптарға өткен оқу жылында жетіспеген оқулықтардың қосымша легі қаңтар айында келеді деп жоспарланған. Қалған сыныптар бойынша оқулықтар жеткілікті. Кітаптардың уақтылы жеткізіліп, мектептерге таратылуын бақылауда ұстадық.

– Мектептер педагог кадрлармен қаншалықты қамтылған? Ұстаздар қатарын жас мамандармен толықтыру жағы қалай?

- Білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен педагогтердің қатарын толықтыру қажет. Сондықтан кадр мәселесіне бейжай қарауға болмайды. Биыл да мектептердегі бос орындарды алдын ала анықтап, қажетті мамандарды тарту үшін жұмыс жүргіздік. Жаңа оқу жылында аудан мектептеріне 18 жас маман келді. Бұл – жақсы жаңалық. «Жас келсе – іске» демекші, жас педагогтер білім беру ұйымдарының жұмысына жаңа леп, жаңа серпін әкеледі деп сенеміз. Жастардың идеясы мен заманауи көзқарасы аға буын педагогтердің тәжірибесімен ұштасса, одан мектеп те, оқушы да ұтады.

Сонымен қатар оқушылардың қауіпсіздігі де бірінші орында. Бала қауіпсіздігіне келгенде ұсақтүйек деген болмайды. Сондықтан оқу жылы басталар алдында мектеп ғимараттарының ғана емес, оның айналасындағы аумақты қайта қарап шығып, бейнебақылау жүйелері, өрт қауіпсіздігі құралдары, эвакуациялық жолдар тексерілді. Балалардың жолдағы қауіпсіздігіне, мектеп автобустарының техникалық жағдайына және тасымалдау бағыттарына да назар аудардық. Бұл мәселеде ата-анамен де бірлесе жұмыс істеу маңызды. Мектеп пен отбасы бір-бірімен байланыста болған жағдайда ғана қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз.

– Шалғай елді мекендердегі оқушыларды тасымалдауды қалай ұйымдастырып отырсыздар?

- Шалғай елді мекендерде тұратын оқушыларды мектепке жеткізу – күнделікті назардағы мәселе. Қазіргі таңда мектебі жоқ 11 елді мекеннен - Жанама, Т.Әбдібеков, Қапанбұлақ, Сарыарқа, Шалабай және Балықтыкөл, Суықбұлақ станциялары, Солнечный кенті, Новотаубинка, Қапай батыр ауылдары және №47007 әскери бөлімі қызметкерлерінің балалары – барлығы 240 оқушы мектептерге тегін тасымалданады. Балаларды жеткізуге 9 автобус бөлінген. Оқу жылы басталмас бұрын көліктердің техникалық жағдайы, бағыттардың қауіпсіздігі, жүргізушілердің құжаттары тексерілді. Басты талап - бала мектепке қауіпсіз барып, сабақтан кейін үйіне аман оралуы керек.

– Білім сапасын жақсарту бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? ҰБТ нәтижесі қандай болды?

– Білім сапасы ең алдымен мұғалімнің кәсіби деңгейіне байланысты. Сондықтан педагогтердің біліктілігін арттыруға, шығармашылық ізденісіне және тәжірибе алмасуына жағдай жасау – басты басымдықтардың бірі. Бүгінгі мұғалім - тек білім беруші емес, ол - баланың бағыт-бағдарын айқындайтын тұлға. Сондықтан педагог үнемі ізденіп, заманауи әдістерді меңгеріп, кәсіби дамуға ұмтылуы қажет. Ал біздің міндетіміз – мұғалімнің кәсіби өсуіне жағдай жасау. Бұл ретте аудан мектептерінде барлық жағдай жасалған. Аудандық әдістемелік орталық арқылы мұғалімдердің шығармашылық ізденістерін дамыту, кәсіби біліктіліктерін арттыру, өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау мақсатында кәсіби байқаулар, конференциялар өткізіліп тұрады, сондай-ақ дарынды оқушыларды анықтау, танымдық деңгейлерін көтеру, шығармашылық жұмыстарға баулу бағытында түрлі шаралар ұйымдастырылады.

Білім сапасын көтеру үшін сондай-ақ әр мектептің нақты нәтижесіне қарау керек. Қай пәннен қандай мәселе бар, қай сыныпта қандай олқылық байқалады – соны анықтап алмай, жалпы көрсеткішпен шектелу дұрыс емес. Сондықтан әр мектептің оқу нәтижесіне талдау жасап, білімдегі олқылықтарды анықтау және оларды жою бойынша нақты жұмыс жүргіземіз. Әсіресе оқу сауаттылығына, математикалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттарға басымдық беріледі.

Баланың жақсы баға алғаны жеткіліксіз. Ол алған білімін өмірде қолдана алуы керек. Білім сапасын осы тұрғыдан бағалауымыз қажет. Өткен оқу жылында мектеп бітірген 395 түлектің 383-і ҰБТ тапсырып, 225-і білім грантына ие болды. Бұл, әрине, оқушылардың тыңғылықты дайындығының, мұғалімдердің жылдар бойғы еңбегінің жемісі. Жалпы, ҰБТ-ға дайындықты 11-сыныпта бастау дұрыс емес. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының білім деңгейін ертерек анықтап, пәндер бойынша жеке жұмыс жүргізуге басымдық береміз. Мамандық таңдауға бағыттау, жоғары оқу орындары мен гранттар туралы ақпарат беру де маңызды. Алдағы мақсатымыз – осы көрсеткішті жақсартып, әр түлектің өз мүмкіндігіне сай нәтижеге жетуіне жағдай жасау.

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың тек академиялық білімін емес, оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету маңызды. Осыған байланысты цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, робототехника, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларды дамытуға көңіл бөліп келеміз. Сонымен бірге оқушыларды спортқа, еңбекке баулу да маңызды.

Білім сапасын арттыруда ата-анамен байланыстың да маңызы зор. Мектеп пен ата-ана бір бағытта жұмыс істегенде ғана жақсы нәтиже болады. Сондықтан ата-аналармен кері байланысты күшейтіп, баланың білім алуы, тәрбиесі, қауіпсіздігі және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелерін бірлесіп шешуге тырысамыз. Ата-ана баласының бағасын ғана емес, оның араласатын ортасын, қызығушылығын білуі керек. Ал мектеп өз кезегінде ата-анамен ашық әрі тұрақты байланыс орнатуы керек. Бұл – баланың толыққанды дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Жаңа оқу жылындағы басты мақсатымызды үш сөзбен айтар едім: сапа, қауіпсіздік және нәтиже. Әр бала қауіпсіз ортада білім алып, сапалы білімге қол жеткізуі керек. Ал мұғалім еңбегінің нәтижесі шәкірттерінің жетістігінен көрінуі тиіс.

- Оқушылар мен ата-аналарға айтар тілегіңіз?

– Оқушыларға айтарым: уақыттарыңды босқа өткізбеңдер, білім алуға жауапкершілікпен қараңдар, өз қабілеттерің мен қызығушылықтарыңды дамытыңдар, алдарыңа нақты мақсат қойып, соған жетуге ұмтылыңдар. Ал ата-аналарға мектеппен тығыз байланыста болуға кеңес беремін.

Сапалы білім мен тәрбие – бірлескен еңбектің нәтижесі. Сондықтан мектеп пен ата-ана бір-бірімен қолдау көрсетіп, ортақ мақсатқа жұмылса, жақсы нәтижеге жете аламыз. Баршаңызға жаңа оқу жылында табыс және жаңа жетістіктер тілеймін!

- Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semeı tańy»

СПОРТ

ЖАС БАЛУАНДАР БЕЛДЕСТІ

Еліміздің ғалымдары наймандарға қатысты үш томдық зерттеулерінде кезінде ұлт қамын ойлап, елге сүйеніш болған Тана мырза жайында да нақты ой тұжырымдапты. «Тана мырза қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қою үшін саналы қызмет жасаған қайраткер» деп баға берген екен ғалымдар. Міне, осындай биік деңгейдегі дара тұлға – Тана мырза Тілемісұлы атындағы жүлде үшін мектеп оқушылары арасында күрестен он салмақ дәрежесі бойынша аудандық дәстүрлі ашық турнир өтті.

Турнирдің басты мақсаты – Тана мырзаның есімін ұлықтап, жастардың ел тарихына деген қызығушылығын, спортқа деген ынтасын арттыру.

Турнирге Жәнтікей, Қызылкесік, Көкжыра, Екпін, Құмкөл, Ақсуат және Семей қаласынан - жиыны 86 оқушы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында Ақсуат аудандық білім бөлімінің басшысы Амангелді Қыдырмолдин, аудандық спорт бөлімінің басшысы Мирас Дәуренбекұлы, осы жарыстың бас демеушісі Кәкен Тоқтаров, спорт жанашыры Нұржан Бексұлтанов, ауыл ақсақалы Есен Манапов сөз алып, жас спортшыларды құттықтады.

Турнирге қатысуға келген оқушылар мен спорт жанкүйерлері алдында сөз сөйлеген азаматтар Тана мырзаның өнегелі өмір жолы, елге сіңірген еңбегі жайлы әңгімелеп, жас спортшылардың жарқын болашағынан үлкен үміт күтетіндерін айтты.

Жарыстың бас төрешісі Манарбек Жекенов және әр мектептен келген білікті жаттықтырушылар жас балуандар белдесулерінің ережелерге сай өтуін қадағалады.

Жарыс қорытындысында үздік өнер көрсеткен жас спортшыларға құрмет көрсетіліп, жүлдегерлер марапатталды. Турнирге қатысқан әрбір балуан үшін бұл дода спорттық шеберлігін шыңдап қана қоймай, ел тарихында өзіндік орны бар Тана мырза Тілемісұлының есімімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берген тағылымды шара болды.

Командалық есепте бірінші орын Ақсуат ауылының жас балуандарына берілді. Екінші орынды Жәнтікей, үшінші орынды Көкжыра ауылынан келген жас спортшылар иеленді.

Тана мырзаның есімін жастардың санасында мәңгі қалдыру, олардың патриоттық сезімдерін дамыту, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында ұйымдастырылған турнир есте қаларлықтай әсерлі болды.

Спорт алаңында шыңдалған жасөспірімдердің бойындағы табандылық, жігер мен намыс Тана мырза секілді ел қамын ойлаған азаматтардың тағылымымен сабақтасып жатса, мұның тәрбиелік мәні де зор.

Хамза СӘТИЕВ





ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

300-ДЕН АСТАМ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Семей қаласында қоғамдық тәртіпті сақтау, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз қала» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Бұл туралы Polisia.kz сайты хабарлады.

Төрт күнге созылған шара барысында Семей қаласы полиция басқармасының қызметкерлері қоғамдық орындарда, тұрғын үй секторында және жол қозғалысы саласында профилактикалық жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде 321 құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Атап айтқанда, алкоголь өнімдерін өткізу кезінде заң талаптарын бұзуға қатысты бір дерек анықталған. Белгіленбеген орындарда сауда жасауға қатысты бес факті, ұсақ бұзақылық бойынша және қоғамдық орындарды ластау бойынша бес факті тіркелген.

Сонымен қатар қоғамдық орындарда алкоголь ішкен немесе мас күйінде жүрген 115 адам анықталды. Тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжатсыз жүрген 71 азаматқа қатысты тиісті шаралар қабылданды.

Жедел-алдын алу шарасы барысында сондай-ақ жол ережесін бұзған бірқатар жүргізуші анықталды. Оның ішінде қарсы бағытқа шығып кеткен 3, жаяу жүргіншіге жол бермеген 38, көлікті мас күйінде басқарған 3, сондай-



-ақ көлік жүргізу құқығынан айырылса да рөлге отырған 3 азамат ұсталды.

Тәртіп сақшылары сонымен қатар профилактикалық есепте тұрған тұрғындардың да үйін аралады. Оларға белгіленген талаптар түсіндіріліп, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді.

«Қауіпсіз қала» іс-шарасының негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы профилактикалық және жедел жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

«ST» - ақпарат

ОҚЫРМАН ОЙ АЙТАДЫ

Соңғы уақытта мектеп оқушыларының сырт келбетіне қойылатын талаптар қоғамда жиі талқылануда. Әрине, білім беру ұйымында тәртіп пен белгілі бір талаптың болуы заңды. Алайда сол талаптар баланың жеке таңдау еркіндігіне қаншалықты әсер етеді деген сұрақ та бар. Мектептерде оқушының формасы, шаш үлгісі баланың білім алуына, оқу процесіне кері әсер етеді деген түсінік қалыптасқан. Шындығына келсек, шашын өрмеген қыздардың немесе шашын өсірген ұлдардың үлгерімі төмендеп кеткенін естіген жоқпыз.

ОҚУШЫНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ: ТӘРТІП ПЕ, ШЕКТЕУ МЕ?

Мектеп әкімшілігінің қатаң талабы мен оқушының таңдау еркіндігі арасында үлкен қайшылық бар. Сонда өз даралығын көрсету қазір тәртіп бұзушылыққа жата ма?

Әрине, оқушының сырт келбетіне қойылатын талаптардың өзіндік мақсаты бар. Бұл талаптар белгілі бір деңгейде тәртіп қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ сабақ кезіндегі іскерлік ахуалды және оқушылар арасындағы теңдікті сақтау үшін де мектеп формасын кию міндетті. Алайда, Tengrinews.kz дерегіне сүйенсек, Финляндия сияқты дамыған елдерде оқушылар мектепке еркін киіммен барады. Оған қарамастан, білім сапасы жоғары. Сондықтан, менің ойымша, мектеп формасын мүлдем алып тастамаса та, талапты сәл жұмсартуға болады. Белгіленген тәртіп пен жинақылық сақталған жағдайда оқушыға белгілі бір таңдау мүмкіндігін берген дұрыс деп ойлаймын. Мысалы, қара немесе көк түспен ғана шектелмей, сұр, қоңыр секілді бейтарап түстерге де рұқсат беру мектептегі тәртіпті бұза қоймасы анық. Керісінше, ереженің өзі оқушының жас ерекшелігіне, жеке болмысына және қазіргі қоғамдағы өзгерістерге сай болғаны маңызды. Себебі мектеп – баланың тек білім алатын жері емес, сонымен қатар оның тұлға ретінде қалыптасатын ортасы.

Екінші жағынан, “бірыңғай форма әлеуметтік айырмашылықты азайтуға, буллингті жоюға көмектеседі” деген уәж де дәлелсіз. Қазірдің өзінде бірдей форманың қымбат және арзан түрін киетін оқушылар арасында әлеуметтік айырмашылық бәрібір байқалады. Сондықтан балалардың сыртқы келбетіне шектеу қоя бермей, мектептегі буллингпен күрескен әлдеқайда маңызды.

Иә, әр мектеп оқушы формасына өзгерістер енгізе алады, ол талаптар ҚР “Білім туралы” заңының 5-бабы 20 тармағында жазылған: “Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады.” Бұл тармақ 30.12.2022 жылы қабылданды. Бірақ заң қабылданғаннан кейін көптеген мектептер шектеулерді шектен тыс қатаңдатып жіберді. Оны «білім сапасын көтеру және тәртіпті сақтау үшін» деп түсіндіреді. Бірақ Forbes.kz дерегіне сүйенетін болсақ, соңғы 4 жылда оқушылардың сабақ үлгерімі, керісінше, төмендеген.

ҚР Премьер-Министрінің (primeminister.kz) ресми ақпараттық ресурсында: «2026 жылғы тамызда ҚР Білім министрі Жұлдыз Сүлейменова Үкімет отырысында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МБСБ) және оқу бағдарламаларына енгізілген “Заң және тәртіп” және “Конституция негіздері” сабақтары туралы ресми түрде баяндады»,- деп жазылды (tengrinews.kz).



Демек, шектеулер күтілген нәтижені бермей отыр.

Мектеп формасының ата-аналарға түсіретін қаржылық салмағы да назардан тыс қалмауы керек. Әсіресе бірнеше баласы мектепте оқитын отбасылар үшін жыл сайын форма, аяқ киім, спорттық киім және басқа да қажетті заттарды сатып алу аз шығын емес. Сондықтан мектеп формасына қойылатын талаптар отбасының қалтасына да ауыртпалық түсірмейтіндей болғаны дұрыс.

Сонымен қатар шаш үлгісі мен макияжға қойылатын талаптар да маңызды. Қыздардың шаш жаюы, жеңіл макияж жасауы, ұлдардың шаш өсіруі білім сапасына еш әсер етпейді деп ойлаймын. Бұл жай ғана жасөспірімдердің өз стилін іздеуі, өз-өзін көрсетуі.

«Onclinic.ua» деректеріне жүгінсек, жасөспірімдік шақ әдетте 10–13 жаста басталып, 17–19 жасқа дейін созылады. Бұл аралықта балалар тек физикалық тұрғыда ғана өспей, өздерінің ішкі жан дүниесіне үңіле бастайды. Жаңа стильдерді көру, шаш бояу, макияж жасау деген қалыпты жағдай. Оған тыйым сала бермей, керісінше, қолдау білдіру керек деп есептеймін. Өйткені қатаң шектеуде өскен бала ертең мектепті бітіргенде «мен кіммін, қандай болғым келеді?» деген сұраққа жауап таба алмай қиналады.

Ойымды түйіндей келе айтарым: оқушының сыртқы келбеті, шашының түсі немесе киімі оның білім деңгейін анықтайтын өлшем емес. Бала мектепте еркін білімін алып, өзіндік ерекшелігін көрсете білуі тиіс.

Ақпейіл СӘРСЕН,
Семей қаласы №37 гимназиясының 11-сынып оқушысы

САЛЫМШЫЛАР КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮМКІНДІКТЕРГЕ ИЕ БОЛДЫ

БЖЗҚ 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтетін өзгерістер күшіне енді. Жаңа өзгерістерге сәйкес, енді салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Бұл ретте МЗЖ және ЕЗЖ есебінен жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ олар үшін МКЗЖ және ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалар өздерінің сенімгерлік басқаруға берілетін жинақтарының көлемін дербес айқындауға, сондай-ақ қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше ИПБ-ны және бір немесе бірнеше инвестициялық портфельді таңдауға құқылы.

Заңнамаға сәйкес, ИПБ үш инвестициялық портфельге дейін қалыптастыра алады: консервативті, қалыпты және тәуекелді. Олар тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленеді. Әртүрлі инвестициялық портфельдерді таңдау мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 37-1-бабында бекітілген. Оларды қалыптастыруға қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруына беру тәртібі және инвестициялық мүмкіндіктер туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтында және invest.enpf.kz платформасында қолжетімді.

Осылайша, зейнетақы жүйесі салымшы пассивті рөл атқаратын модельден адамның өзінің ұзақмерзімді зейнетақы жинақтарын басқаруға саналы түрде қатысуын көздейтін жүйеге біртіндеп ауысуда. Инвестициялық стратегияны таңдау мүмкіндіктерінің кезең-кезеңімен кеңеюі және зейнетақы активтерін басқару туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру салымшылардың болашақ зейнетақы табысын қалыптастыруға қатысты шешімдер қабылдауға белсендірек қатысуына жағдай жасайды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Жерек» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Абай облысындағы №4279-EL лицензиялық алаңының М-44-65-(10g-5a-1,2,3; 10-a-5v-22) блогындағы қатты пайдалы қазындыларды іздеу жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о. Координаттар: 1. 50°10’00» се, 80°00’00» шб; 2. 50°10’00» се, 80°01’00» шб; 3. 50°11’00» се, 80°01’00» шб; 4. 50°11’00» се, 80°02’00» шб; 5. 50°10’00» се, 80°02’00» шб; 6. 50°10’00» се, 80°03’00» шб; 7. 50°09’00» се, 80°03’00» шб; 8. 50°09’00» се, 80°00’00» шб;

Қоғамдық тыңдаулар 04.11.2026 жылы сағат 15:00-да Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный а. о., Приречный а., Гагарин к-сі, 1, әкімдік ғимаратында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us06web.zoom.us/j/82089977482?pwd=Ozz5g3jwCCx7ElTbqmZgbdMmjOmNRr.1.

Конференция идентификаторы: 820 8997 7482, кіру коды: 094408. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда https://ndbecology.gov.kz/, «Қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімі танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жерек» ЖШС, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4, тел: 8 (776) 293-22-43, E-mail: too@jerek.kz, БСН 020840000458.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

ABAI AIMAQ медиахолдингі

www.semeytany.kz


Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

Бас редактордың орынбасары - Роза ПҰШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21,
Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.
Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;
редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;
факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Тираж 30 155



Кезекші редактор Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ